В заключение, важно понимать, что знание распространенных видов мошенничества в цифровую эпоху помогает частным лицам и организациям минимизировать риски. С развитием технологий растут и угрозы, поэтому необходимо сохранять бдительность и готовиться к защите своей финансовой и личной информации. В следующих разделах мы рассмотрим методы защиты и стратегии борьбы с цифровыми угрозами.

Год	Показатель	Значение	Комментарий
2015	Глобальные убытки от киберпреступлений	3 трлн долларов	Начало роста убытков
2021	Потери от интернет-преступлений в США	Более 6,9 миллиарда долларов	Значительный рост в США
2022	Рост жалоб на киберпреступления	7% по сравнению с предыдущим годом	Увеличение числа зафиксированных жалоб
2023	Количество жертв киберпреступлений	Более 2,9 миллиарда человек	Постоянное увеличение числа жертв
2025	Прогнозируемые глобальные убытки	10,5 трлн долларов	Трехкратный рост по сравнению с 2015

Таблица 1.Статистические данные по киберпреступности (Cybercrime Magazine, Special Report: Cyberwarfare In The C-Suite) [4]

Фишинг остается одной из самых серьезных угроз в области кибербезопасности, составляя почти 36% всех утечек данных. В отчете Verizon за 2022 год о расследованиях утечек данных говорится, что фишинговые атаки стали основной причиной утечек в различных отраслях.

Финансовый сектор, в свою очередь, также затрагивается киберугрозами. Исследования показывают, что мошенничество с кредитными картами в США в 2021 году обошлось потребителям примерно в 32 миллиарда долларов. Эта огромная сумма подчеркивает серьезное влияние киберпреступности на финансовые системы и личные финансы. Сегодня все аспекты коммерции и общества стремительно переходят на цифровую платформу. Корпоративные казначеи играют ключевую роль в защите финансов организаций. Учитывая автоматизацию процессов и систем, казначеи должны повышать свою бдительность в отношении текущих и новых киберугроз. Ранее кибербезопасность считалась исключительно задачей ИТ-отделов, но сейчас ее важность осознают и финансовые учреждения, которые стремятся минимизировать риски. В этом контексте стоит отметить исследование HSBC, в котором прогнозируется, что стоимость киберпреступности достигнет 10,5 трлн долларов к 2025 году.

Киберпреступления можно классифицировать на четыре основные категории:

1. **Финансовые** – "Ради денег": цель — извлечение прибыли.
2. **Шпионаж** – "Для разведки": цель — кража информации с экономической или политической ценностью.
3. **Хактивизм** – "Во имя дела": цель — привлечение внимания к определенной проблеме или идее.
4. **Саботаж** – "Ради эффекта": цель — разрушение организаций или манипуляция жертвами. [2]

На данный момент особое внимание уделяется финансовым мотивациям. Мошенники применяют методы социальной инженерии, такие как фишинг, вишинг (мошенничество через телефонные звонки) и компрометацию деловой электронной почты, выдавая себя за клиентов, сотрудников банков или даже руководителей высшего звена. С развитием технологий, таких как искусственный интеллект и глубокая подделка, киберугрозы только увеличиваются.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Например, в 2024 году клерк гонконгского филиала международной компании был обманом вынужден перевести 200 миллионов гонконгских долларов; мошенники создали фальшивую телефонную конференцию с подделанным голосом коллеги. Эксперты по кибербезопасности прогнозируют, что киберпреступность будет развиваться, и преступники продолжат активно использовать новые технологии. Полагаясь на прогнозы Агентства по кибербезопасности и защите инфраструктуры (CISA), можно ожидать, что к 2025 году атаки программ-вымогателей будут происходить каждые 11 секунд. Также специалисты заявляют, что с ростом удаленной работы и увеличением зависимости от облачных технологий уязвимости останутся актуальными и будут подвергать организации дополнительным рискам.

Таким образом, масштабы и последствия киберпреступности требуют срочного внимания. Защита от угроз кибербезопасности должна стать приоритетной задачей не только для организаций, но и для отдельных пользователей. Все мы должны работать над повышением безопасности в цифровой среде. Это призыв к действию должен быть услышан от государственных деятелей и бизнес-лидеров до преподавателей и пользователей интернета.

Как можно избежать кибермошенничества?

Для защиты от кибермошенничества и предотвращения атак следует выполнить несколько простых действий:

1. Обновляйте программное обеспечение и устройства, чтобы ваши системы имели самые современные средства защиты.
2. Убедитесь, что на всех ваших устройствах установлены антивирусные программы и софт для защиты от вредоносных приложений.
3. Используйте разные и уникальные пароли для каждой из ваших учетных записей. Избегайте одинаковых паролей и предсказуемых вариантов, таких как даты рождения или имена.
4. Включите двухфакторную аутентификацию для своих паролей, чтобы добавить дополнительный уровень безопасности. [5]

Финансовая грамотность критически важна для предотвращения мошенничества. Люди, понимающие основы личных финансов и инвестиций, смогут лучше распознавать мошеннические схемы. Органы власти, образовательные учреждения и финансовые организации могут сотрудничать, чтобы проводить тренинги и обучающие программы по финансовой безопасности. Обучение распознаванию признаков мошенничества и основам безопасного инвестирования повысит осведомленность граждан.

Таким образом, осведомленность и бдительность — это ключевые компоненты защиты от мошенничества. Люди должны участвовать в общественных инициативах, делиться опытом и создавать открытые обсуждения в кругу семьи и друзей.

Только совместными усилиями можно создать практику, защищающую наши личные интересы и способствующую формированию безопасного цифрового общества для всех.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Credit card fraud on the rise in India. [Электронный ресурс]. – URL: https://www.dw.com/en/credit-card-cloning-on-rise-in-india-amid-narendra-modis-cashless-push/a-44749955
2. Combating Payment Fraud in a Digital Age. [Электронный ресурс]. – URL: https://www.gbm.hsbc.com/en-gb/insights/market-and-regulatory-insights/combating-payment-fraud
3. Share of Worldwide Cyber Attacks by Type. [Электронный ресурс]. – URL: https://www.statista.com/chart/30870/share-of-worldwide-cyber-attacks-by-type/
4. Hackerpocalypse Cybercrime Report 2016. [Электронный ресурс]. – URL: https://cybersecurityventures.com/hackerpocalypse-cybercrime-report-2016/
5. Cyber Fraud. [Электронный ресурс]. – URL: https://www.mimecast.com/content/cyber-fraud/

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨҢІРІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

М.У.Тулембаева
Халықаралық Бизнес Университетінің 3 курс студені
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. *Мақалада жалпы елдегі медициналық туризмді дамыту жағдайы қарастырылды. Қазақстандағы медициналық туризмді қалыптастырудың алғышарттары келтірілді. Сондай-ақ, елдегі медициналық туризмнің даму бағыттары айқындалды. Республиканың батыс өңірінде медициналық туризм үшін қажет инфрақұрылымның жағдайы талданды. Өңірде туризм индустриясын дамытуда медициналық туризмнің рөлі қаралып, оның қазіргі даму жағдайына талдау жасалып, шет елдерде туризмнің аталмыш түрін дамыту бағыттары келтіріліп, елімізде туризмнің бұл түрін қалыптастыру мен кеңінен енгізу бағыттары көрсетілген. Өңірлерде медициналық туризмді дамытуда маңызды рөл атқаратын денсаулық сақтау саласындағы қызмет ететін персоналдың саны қарастырылды. Сонымен бірге, медициналық туризмді дамыту үшін қажетті арнайы мамандандырылған орналастыру орындары, мамандандырылған емдеу орындарының, санаторийлар мен санаторий–профилакторийлардың жағдайы бағаланды. Аурухана төсектерінің санының өзгерісімен қатар 10000 адамға шаққандағы ол санының ауытқуы есептелді. Республика бойынша және батыс өңірі арадасындағы медициналық туризмге қатысты көрсеткіштер келтіріліп, салыстырылды.*

Түйін сөздер: *туризм, медициналық туризм, өңір, денсаулық сақтау, санаторий, профилакторий*

Кіріспе. Қазақстан Республикасы алдыңғы қатарлы мемлекетер қатарынан орын алуы үшін қызмет көрсету саласының маңызды бөлігі болып табылатын медициналық туризмнің бағыттарын дамыту зор мәнге ие болып отыр.

Бүгінгі күні медициналық туризмнің тиімділігін арттыру елдің экономикасының өсуін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Республикадағы медициналық туризмнің жағдайына аталмыш саладағы инфрақұрылымның төмен деңгейде болуы кері әсерін тигізуде. Ал инфрақұрылымның дамуы үшін ол жүйелі түрде инвестицияланууы қажет. Медициналық туризм басым бағытта инвестицияланууы қажет сала болса да, өкінішке орай шетелден болсын, жекелеген болсын инвестицияларды тарту бағыттарын қарастыру өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жүргізу кезінде жалпы ғылыми және арнайы таным әдістері, оның ішінде салыстыру және топтастыру, ғылыми танымның индуктивті және дедуктивті, теориялық жалпылау, салыстырмалы талдау, ғылыми абстракция, экономикалық-статистикалық әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Мемлекет тарапынан халықтың денсаулығын жақсарту бағытында көп жағдай жасалып жатыр. Егемендік алғалы ел тұрғындарының денсаулығын жақсарту мақсатында қажетті жағдайлар жасалуда. Қазіргі таңда күрделі медициналық операциялар өткізілуде. Шетелдерде жетекші медициналық мекемелермен байланыс орнатылып, 150 телемедицина орталықтары ашылды. Медицина саласына жыл сайын бөлінетін бюджет қаржысы артып келеді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ДДСҰ мәліметтеріне сәйкес Қазақстанда медицина саласына кететін барлық шығынның 41%–ға дерлігі жеке сектор үлесіне тиесілі. Оның біршама бөлігі, дәлірек айтқанда 99%–ы халықтың қалтасынан шығарылатын болса, тек 1%–ы ғана сақтандыру компаниялары есебінен төленеді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кіретін бір мемлекетте, мәселен, Германияда денсаулық сақтауға жұмсалатын барлық шығынның 23%–ын жеке сектор өз қалтасынан төлейді және де оның жартысынан көбі сақтандыру компаниялары есебінен өтеледі [1].

Сонымен бірге, елдегі медициналық туризмді дамыту бойынша негізгі жұмыс «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ еншілес ұйымдарымен жүзеге асырылуда. Онда мамандандырылған және жоғары мамандандырылған көмек көрсетіледі. Соңғы жылдары пациенттер келетін елдердің ауқымы кеңейді. Бұрын Ресей мен Қырғызстаннан келсе, қазіргі таңда холдингтің клиникаларында АҚШ, Жапония, Италия секілді елдерден пациенттер ем қабылдауда. Тек 2013 жылы ғана 832 шетелдік азаматқа қызмет көрсетілді.

Денсаулық сақтау Министрлігінің мәліметтері бойынша медициналық туристердің басым бөлігі Ұлыбританиядан (260 адам) келген. 2–ші орында АҚШ. Бұл елден 111 пациент. Одан өзге, Қырғызстаннан 51 медициналық турист, Түркия – 50 турист, Ресей – 44 пациент, Болгария – 35, Шри–Ланка – 23 және Филипиннадан – 27 адам. Барлығы әлемдегі 31 елдің азаматтары қызмет түрін пайдаланылған. Келудің негізгі себебі республикадағы операциялардың құны шетелдерге қарағанда едәуір арзан. Мәселен, елдегі жілік майының трансплантациясы 51 мың АҚШ доллары тұрады. Ресейдегі мұндай операция 90 мың АҚШ долларына шығады. Республикада бүйрек трансплантологиясы 5 есе арзан Түркияға қарағанда. Мұндай операция 20 мың АҚШ доллар тұрады. Бауыр трансплантациясы Қазақстанда 16 мың АҚШ долларына жетсе, Ресейде 40 мың АҚШ доллары тұрады [2].

2016 жылғы көрсеткіштерге сәйкес, денсаулық сақтау ұйымдарының желісінде жеке меншік құрылымдарды есептемегенде 877 ауруханалар жұмыс жасаса, 2019 жылы 788 мекеме істеп жатты. Қазіргі таңда, Қазақстандағы медициналық мекемелердің 80–ы мемлекеттің үлесінде, 20–ы жеке меншік секторларға тиесілі [3].

Елдегі ауруханалар саны, жыл басына есептегенде, 2019 жылы 2016 жылға қарағанда 10,1%-ға, 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 2,7 % кеміген. Сонымен бірге батыс өңірінде де ауруханалар саны жыл сайын азайған болатын. Мәселен, 2016 ж. 2015 ж. салыстырғанда 4,7 % төмендеген. Батыс өңірі бойынша ауруханалар саны 2019 жылы 2017 жалмен салыстырғанда 5,63 %–ға, 2018 жылмен 2,24 %–ға төмендеген. Облыстар бөлінісінде 2018 жылға қарағанда 2019 жылы Ақтөбе облысында 2,2 %-ға артса, Батыс Қазақстан облысында 6,45 %–ға, Атырау облысында 3,45 %–ға және Маңғыстау облысында 3,45 %–ға азайған [4].


Ауруханалар санының азаюуымен қатар сәйкесінше аурухана төсектерінің саны да қысқарған. Соңғы 5 жылдықта республика, соның ішінде батыс өңірі бойынша аурухана төсектерінің саны ең төменгі көрсеткішке ие және ол жыл сайын төмендеп келеді. Республика бойынша медициналық мекемелеріндегі орын саны 2017 жылға қарағанда 2019 жылы 3,9 %–ға кемісе, 2018 жылға қарағанда 3,3 %–ға кеміген, батыс өңірі бойынша бұл көрсеткіш шамамен 10 %–ға азайған [5].

Облыстар бөлінісінде 2017 жылға қарағанда 2019 жылы Ақтөбе облысында шамамен 5 %, Батыс Қазақстан облысында шамамен 12 %–ға, Атырау облысында 9,8 %–ға және Маңғыстау облысында 7,5 %–ға азайған. Бұл сәйкесінше облыстардғы 10000 адамға шаққандағы орындар саны да азайған.

Сонымен бірге, аурухана төсектерінің санының қысқаруымен қатар 10000 адамға шаққандағы саны өзгерген. Халықтың 10000 адамына шаққанда республикада медициналық мекемелеріндегі орын саны күрт азайып кеткен.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737


Арнайы мамандандырылған орналастыру орындарының саны төмендегі суреттен көруге болады.



Ескертпе - [6-9] негізінде автормен әзірленді

Сурет 1 – Облыстар бойынша мамандандырылған орналастыру орындарының саны, бірлік

Мәліметтерге сәйкес, санаторийлар мен санаторий–профилакторийлардың саны жалпы тұрақталды. Республиканың батыс өңірінде алдыңғы жылмен салыстырғанда 2019 жылы санаторийлар мен санаторий–профилакторийлардың саны 16,3 % артқан болатын. Алайда 2018 жылғы санаторийлар мен санаторий–профилакторийлардың саны 16,6 %-ға азайған алдыңғы жылмен салыстырғанда. Бұлайша жағдайдың орын алуы Батыс Қазақстан облысында санаторийлар мен санаторий–профилакторийлар саны 40 %-ға, сондай-ақ Маңғыстау облысында 33,3 %-ға төмендеуімен байланысты. Осыған байланысты жалпы өңір бойынша санындағы барлық облыстардың үлестері 2019 жылы өзгеріске ұшыраған. Санаторийлар мен санаторий–профилакторийлар санының қысқаруы ондағы төсектер немесе орындар санының азаюуына әкеліп соқтырды. Осыған байланысты санаторийлар мен санаторий–профилакторийлардың және ондағы төсектер немесе орындар санының қысқаруы ондағы емделген және демалған санының күрт төмендеуіне әкелген.



Ескертпе - [6-9] негізінде автормен әзірленді

Сурет 2 – Облыстардағы мамандандырылған орналастыру орындарында емделген (дем алған) адамдар саны, бірлік

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Статистикалық мәліметке сәйкес, өңірдегі санаторийлар мен санаторий–профилакторийлардың саны 2010–2018 жылдары емделген және демалған саны өскенімен, 2019 жылы азайып кетті. Мәселен, 2010 жылы 13794 ем алушы болса, 2012 жылы 17203, 2014 жылы 15790, 2015 жылы 14352, 2017 жылы 18077, 2018 жылы 18490 адамға көтерілді.

Облыстар бөлінісінде жағдайлар әрқилы. Мәселен, Ақтөбе облысында 2013 жылдан бастап 2015 жылға күрт төмендеген. Соңғы жылдары өсім байқалды. 2017 жылы алдыңғы жылға қарағанда 1,5 %–ға артса, 2018 жылы 10,4 %–ға және 2019 жылы 1,1 % қысқарған. Маңғыстау облысында 2017 жылы ем алғандар саны күрт артқанын көруге болады. 2017 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 1117,9 %–ға артып, 2018 жылы -26,2 %–ға кеміп, 2019 жылы 11,9 %–ға көбейген.

Атырау мен Батыс Қазақстан облыстарында 2017 жылы (сәйкесінше, 22,6%–ға және 25,2%–ға) және 2018 жылы (сәйкесінше, 18,7 %–ға және 4,3 %–ға) артқанымен, 2019 жылы алдыңғы жылдармен салыстырғанда 21,1 %–ға және 21,7 %–ға азайған болатын.

Нәтижесінде бұл облыстың өңірдегі санаторийлар мен санаторий–профилакторийларда емделгендер және демалғандар санындағы үлесі басым, 2015 жыл 42,1 % болса, 2017 жылы 41,8 % және 2019 жылы 39,5 %–ға дейін өзгерген. Атырау облысының үлесі сол көлемде сақталды. Егер 2010 ж. 26,5% мөлшерде болса, 2015 ж. 27,3 % және 2019 28,7 % шамасында тұрақталды. Ақтөбе облысының үлесі 2015 жылы 29,8 %–дан 2019 жылы 24,6 %–ға дейін кеміген. Маңғыстау облысының санаторийлар мен санаторий–профилакторийларда емделген мен демалғандар санындағы үлесі басқа облыстарға қарағанда аз болғанымен, соңғы жылдары қарқынды өскен. Облыстың үлесіне 2015 жылы 0,8 % тисе, 2019 жылы бұл көрсеткіш 7,2 %–ға дейін көбейген.

Облыстарда кадр мәселесі бойынша бірқатар алға жылжу байқалады. Республика деңгейінде медицина мекемелердегі қызмет жасайтын дәрігерлердің саны 2016 жылы 74611 болса, 2019 жылы 72877 адамға жетті. Медициналық көмекті 2016 жылы 74 мың дәрігер мен 170,8 мың орта медициналық қызметшілер көрсетсе, 2019 жылы 72,9 мың дәрігер және 175,7 мың орта медицина қызметкері көрсетеді.


Денсаулық сақтау саласында қызмет ететіндердің саны жыл сайын артып келеді. Республика деңгейінде денсаулық сақтау саласындағы мекемелердегі дәрігерлер саны 2019 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 2,3 %–ға кемісе, ал батыс өңірі бойынша соңғы үш жылда 9,4 %–ға өскен. Өңір деңгейінде денсаулық сақтау мекемелердегі орта медициналық қызметшілер саны соңғы 3 жылда тұрақты өсіп келеді, бірақ 2013 жылы межеге жетпеген.

Сонымен бірге, батыс өңірінің үлесі 2019 жылы алдыңғы жылдармен салыстырғанда өскен болатын. Мәселен, 2012 жылы үлесі 13,9 % болса, 2016 ж. бұл көрсеткіш 12,5 % дейін азайса және 2019 жылы 13,9 %–ға дейін артқан.

Облыстар бойынша үлесі жоғары облыс – Ақтөбе облысы болып табылады. Оның үлесінде 2012 жылы 36 % болса, 2017 жылы 38,7 % жетті және 2019 жылы 39,8 %-ға дейін артқан. Үлесі жоғары облыстардың бірі Маңғыстау облысы. Бұл облысқа 2012 жылы 19,9 % тиесілі болса, 2017 жылы 20,6 % және 2019 жылы 21,8 %–ға жеткен болатын. Одан кейін, Батыс Қазақстан облысы 20,5 %–бен (2019 жылы) тұр. 2017 жылы облыстың үлесінде 22,3 % болса, 2018 жылы 21,1 %–ға және 2019 жылы 20,5 %–ға дейін азайған. Атырау облысында соңғы жылдары төмендеушілік байқалып отыр. Соның салдарынан облыстың үлесінде 17,9 %. 2017 ж. бұл көрсеткіш 18,3 % құраса, 2018 ж. 17,9 % дейін азайған.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Елдің батысындағы облыстарда дәрігерлік кадрлармен қамтамасыз етілуі (10 мың адамға шаққанда) 2017 жылы 33,3 болса, 2018 жылы 34,4, 2019 жылы 35,1 болды, республика бойынша 2017 жылы 41,6, 2018 жылы 39,7, 2019 жылы 39,6 төмендеді.



Ескертпе - [6-9] негізінде автормен әзірленді

Сурет 3 – Денсаулық сақтау саласындағы барлық мамандықтағы дәрігерлермен қамтамасыз етілу, 10000 адамға шаққанда

Ақтөбе облысы бойынша бұл көрсеткіштер жоғары. Мәселен, 2012 жылы 40,7–тен, 2017 жылы 42,7–ке дейін және 2019 жылы 46,7–ге жеткен болатын. Бұл жалпы республика бойынша орта көрсеткіштен жоғары. Қалған облыстар бойынша бұл көрсеткіштер төмен. Атырау облысында 2012 жылы 33–тен, 2017 жылы 28,1–ге дейін және 2019 жылы 28,8–ге дейін қысқарған. Батыс Қазақстан облысында да жағдай ұқсас. 2012 жылы 34,6–дан, 2017 жылы 32,5–ға дейін және 2019 жылы 32–ке дейін азайған. Маңғыстау облысында 2012 жылы 32 болса, 2014 жылы 29–ға дейін және 2016 ж. 29,9 дейін қысқарған.

Саладағы арнаулы орта білімді мамандармен қамтамасыз етілу жағдайы ұқсас. 2012 ж. бұл көрсеткіш республика деңгейінде 10 мың адамға шаққанда 100,4–ті құрады. Алайда кейінгі жылдары орта медициналық қызметшілер саны 10000 адамға шаққандағы көрсеткіші өзгермелі болды. Орта буын медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілу көрстекіші өңір бойынша – 92,7 және республика бойынша – 95,5.

Қорытынды. Сонымен, Қазақстанда медициналық туризм отандық экономиканы дамытудың басымдықты бағыттарының біріне айналу керек. Бұл бағытты дамыту үшін елде мықты медициналық мектеп қалыптастыру қажет.

Қазіргі таңда қазақстандықтарға медициналық көмек алу үшін шетелге бару қажеттілігі туындатпау мақсатында барлық нақты жағдайлар жасалып жатыр. Соңғы жылдары елде бірқатар жоғары санаттағы жақсы жабдықталған клиникалар салынды. Мамандарды дайындауға көп көңіл бөліп жатыр, соның ішінде шетелде және белгі шетелдік дәрігерлерді шақырумен.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Алайда, медицина саласында білікті кадрлардың жетіспеушілігі байқалады.

Медициналық қызмет көрсету бағасының деңгейі мемлекетте көп жағдайда шынайы емес, әсіресе жеке секторда. Сондықтан да, елде шетелдік бірлескен медициналық кәсіпорындар ашу мүмкіндігін қарастыру керек. Сонда отандық жеке клиникалар арасында бәсекелестік күшейе түседі.

Елдегі медицина тартымды болу үшін әлі де болса көп жасау керек. Негізгі мәселелер болып клиникалардағы мейрімді сервистің болмауы, дәрекілік және медперсоналдың немқұрайлы қарауы, пара, төмен кәсіби стандарттар қала беруде.

Қазіргі таңда пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін медициналық көмек көрсетудің стандарттарын жоғарылатуға болады. Шешу жолдарының бірі халықаралық аккредиттеу болып табылады. Әлемде «алтын стандарт» болып клиникалар жүйесінде JCI халықаралық аккредиттеу саналады. Бұл стандарт пациенттер мен медперсоналдың қауіпсіздігін, сондай–ақ пациентке бағдарланған ұжымдық, жоғары моральдық мәдениет және т.б. шараларды қамтамасыз етуге бағытталған амал болып есептеледі.

Санаториялық–курорттық ем елде тұралау жағдайында. Сол себепті санаториялық курортты кешендерді жаңғырту мен жаңарту керек. Ол үшін елдегі сауығу медициналық әлеуметтік құраушысының рөлін жоғарылату керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тасмаганбетов А.Б. Аймақтық туристік индустрияның дамуы: монография. - Актобе: Принта, 2018. – 148 б.

2. Ахметов А. Медицинский туризм в Казахстане: Названы популярные среди иностранцев услуги. – http://tengrinews.kz. Дата обращения 12.08.2016

3. 2019 жылғы алдын ала деректер: Статистикалық жылнама. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 128 б.

4. Регионы Казахстана: брошюра / Под ред. Н.С. Айдапкелова. – Нур-Султан, 2019. – 28 с.

5. Казахстан в цифрах: брошюра / Под ред. Н.С. Айдапкелова. – Нур-Султан, 2019. – 32 с.

6.Ақтөбе облысындағы туризм: статистикалық жинақ – Ақтөбе: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, Ақтөбе облысының Статистика департаменті, 2019. – 28 б.

7.Атырау облысындағы туризм: статистикалық жинақ – Атырау: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, Атырау облысының Статистика департаменті, 2019. – 27 б.

8. Батыс Қазақстан облысындағы туризм: статистикалық жинақ – Орал: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, Батыс Қазақстан облысының Статистика департаменті, 2019. – 29 б.

9. Маңғыстау облысындағы туризм: статистикалық жинақ – Маңғыстау: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, Маңғыстау облысының Статистика департаменті, 2019. – 32 б.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР

Шиншалина Сабина Бексұлтанқызы
Тұран-Астана университеті

Аннотация: Бұл мақалада қарым-қатынастың негізгі түрлері-вербалды және бейвербалды қарым-қатынас қарастырылады. Вербалды қарым-қатынас сөздер мен сөйлеу арқылы жүзеге асса, бейвербалды қарым-қатынас адамның дене тілі, ым-ишара, бет-әлпет, дауыс ырғағы және басқа да вербалды емес тәсілдермен ақпарат жеткізуін қамтиды. Автор қарым-қатынастың осы екі түрінің өзара тығыз байланысы мен олардың қарым-қатынас процесіндегі рөлін сипаттайды. Сонымен қатар, бейвербалды амалдардың эмоционалдық ақпарат берудегі маңыздылығы көрсетіледі. Мақала қарым-қатынас мәдениетін және оның тиімділігін түсінуге бағытталған.

Кілт сөздер: Қарым-қатынас, вербалды, бейвербалды, дене тіл, бет-әлпет, дауыс ырғағы, эмоция, ақпарат алмасу, қарым-қатынас мәдениеті, ым-ишара.

Көркем әдебиетте бейвербалды амалдар-жазушының оқырманға кейіпкерлердің эмоциясын, көңіл-күйін, қарым-қатынасын немесе жасырын мағыналарды жеткізудегі қуатты құралдарының бірі.Қарым-қатынас-адамдар арасындағы өзара түсіністік пен байланыс орнатудың негізгі құралы.Қарым-қатынас іс-әрекеттері екі негізгі түрге бөлінеді: вербалды және бейвербалды қарым-қатынас.Бербалды қарым-қатынас-бұл сөздер мен сөйлемдер арқылы жеткізу процесі.Ол ауызша және жазбаша түрде жүреді.Адам өз ойларын,сезімдерін ашық түрде білдіре алады.Бейвербалды қарым-қатынас болса керсінше-бұл тіл арқылы немесе сөйлеу арқылы жүзеге аспайды,яғни нақтырақ айтатын болсақ,дене тіл,бет-әлпет,белгілі қозғалыс арқылы және ым-ишара,әрекеттер нәтижесінде іске асып, мәліметтермен бөлісудің арнасы болады.Көркем шығармалардағы бейвербалды амалдар — сөздер арқылы емес, дене тілі, бет-әлпет, ым-ишара, дауыс ырғағы, көзқарас сияқты құралдар арқылы кейіпкерлердің ішкі күйі мен эмоцияларын жеткізу әдістері. Бұл амалдар көбіне автордың шығарманың терең мағынасын ашу, кейіпкерлердің психологиясын көрсету және оқырманды шығармаға эмоционалды түрде тарту мақсатында қолданылады.

Осы тақырыпқа көптеген ғалымдар өз зерттеулерінде әр түрлі көзқарастарын білдірген. Олар бейвербалды амалдардың көркем шығармалардағы маңызы мен олардың тіл мен мәдениет арасындағы байланысты қалай көрсететінін талқылайды. Мысалы, Ф.Ш. Оразбаева қарым-қатынас мәдениетінің құрылымында бейвербалды тәсілдердің ерекше рөлін атап өтеді. Ал, М.Мағауин шығармаларындағы ұлттық-мәдени бейвербалды амалдарды зерттеген ғалымдар бұл тәсілдердің шығарманың терең мағынасына қалай әсер ететінін түсіндіреді. Бұл тұрғыда әр түрлі зерттеулер мен пікірлер авторлардың шығармашылық көзқарастарын толықтырып, тақырыптың көпқырлылығын айқындай түседі.

Ф.Ш. Оразбаева қазақ тіліндегі тілдік қарым-қатынас және бейвербалды амалдар туралы “**Қарым-қатынас мәдениеті**” атты кітабында жазған. Ол тілдік амалдар мен бейвербалды қимылдардың қарым-қатынастағы маңызын қарастырып, адамдардың ішкі әлемін бейнелеудегі олардың рөлін түсіндіреді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

М.Мағауиннің “Аласапыран” романының мәтіндерінде бейвербалды амалдардың маңызы туралы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді талдайтын зерттеулер бар. Бұл зерттеулерде кейіпкерлердің эмоциялары мен көңіл-күйлерін білдіруде бейвербалды тәсілдер жиі қолданылатыны атап өтілген.

Б.Момынова мен Г.Пірәлиева еңбектерінде бейвербалды амалдардың тілдік жүйемен қалай өзара әрекеттесетінін және олардың қарым-қатынасқа қалай ықпал ететінін зерттейді. Бұл ғалымдардың зерттеулері қазақ тіліндегі бейвербалды амалдардың ерекшеліктерін нақты көрсетеді, олар әдебиетте қалай қолданылатынын ашып көрсетеді.

Көркем шығармадағы бейвербалды амалдардың маңыздылығы мен өзектілігі әдебиеттің ішкі құрылымын және кейіпкерлік қарым-қатынастардың тереңдігін көрсету үшін өте маңызды болып табылады. Бейвербалды амалдарды қолдану арқылы шығарманы одан әрі тереңдетіп,оқырманға ерекше эмоция бере аламыз.Шығармада сөзден тыс құралдар (ым-ишара, көзқарас, дене тілі), оқырманға кейіпкердің психологиялық жағдайын, ішкі конфликтін және тұлғалық ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиетіндегі бейвербалды амалдар-кейіпкердің ішкі сезімдерін жеткізу үшін жазушылар халықтың салт-дәстүрі мен тұрмыстық ерекшеліктерін қолданады. Мысалы, “Айман-Шолпан” жырында Айманның көзқарасы, үнсіздікпен білдірген қарсылығы, не болмаса оның дене қозғалыстары оның мінезінің айқындығын көрсетеді.

Қазақ әдебиеті тұнып тұрған терең ойдың,нәзік сезімнің,батырлық пен өнегенің,рухани құндылықтардың қайнар көзі.Халықтың салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігіне негізделген қазақ әдебиеті бейвербалды амалдарды қолдануда өзіндік ерекшеліктерге ие.Мұндай тәсілдерді қазақ әдебиетінің алдыңғы қатарлы шеберлері өз шығармаларында кеңінен қолданған. Мысалы: **Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин, Абай Құнанбайұлы,Сәкен Жүнісов** сияқты жазушылардың туындыларында бейвербалды амалдар ерекше көркемдік мәнге ие.Жазушылардың туындыларын талдап көрейік.

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында Зеренің Абайға деген алаңдаушылығы оның бет-жүзіндегі нәзік өзгерістер мен үнсіз күйзелісі арқылы беріледі:

”…Зере көзінің жасын сүртті де, тағы да үндеместен, терең ойға шомғандай, басын шайқап қана қойды. Сол үнсіздікте бәрі бар еді – өкініш, тілек, жанашырлық…”

Осы секілді Ілияс Есенберлин «Көшпенділер»романында батырлардың қылышын қыса ұстауы, жекпе-жек алдында үнсіздікпен көзбен ұғынысуы немесе жаудың қимылын сабырмен бақылауы арқылы олардың мінезі мен ішкі сенімі көрсетіледі. Шайқас алдындағы кейіпкерлердің дайындық кезіндегі әрекеттері сөзсіз-ақ олардың рухани күйін түсінуге мүмкіндік береді.

”…Төлегеннің жүзі бір сәт түнеріп кетті. Ат үстінде тік отырды да, қолындағы жүгенді күшейте ұстады. Оның көзқарасынан қорқыныш емес, шешім қабылдаған ердің нық сенімі байқалды.”

Абай Құнанбайұлының шығармаларында бейвербалды амалдар ерекше орын алады. Оның поэзиясы мен қара сөздерінде адамның ішкі әлемі мен қарым-қатынасы көбінесе тура емес, бейвербалды тәсілдер арқылы да жеткізіледі. Бұл амалдар оқырманды кейіпкерлердің психологиялық күйіне терең үңілуге итермелейді.Бұл тұжырымды нақтылай түсейік мысалға:

“Ескендір” поэмасы:

Поэмада Ескендір патшаның әрекеттері мен ым-ишаралары арқылы оның ашкөздік пен біліккұмарлығы көрінеді.

Мысал: Ескендірдің зұлым әрекеттерін сипаттауда оның үнсіз қимылдары мен өктем мінезі бейвербалды сипатқа ие.

Сәкен Жүнісовтің шығармаларында бейвербалды амалдар кейіпкерлердің эмоциясын, мінезін және қарым-қатынасындағы астарлы мағыналарды жеткізуде ерекше орын алады. Оның әсіресе, қазақы болмысты, ауыл өмірін және ұлттық құндылықтарды бейнелейтін көркемдік стилінде бейвербалды элементтер айқын көрінеді.

“Ақан сері” романында:

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Сәкен Жүнісовтің “Ақан сері” романында бейвербалды амалдар кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы нәзік эмоционалдық байланыстарды көрсетеді.

Мысал: Ақанның табиғатқа қарап терең ойға шомуы, ат үстіндегі қозғалысы, көзқарасы – оның ішкі толқыныстары мен философиялық ойларын жеткізетін бейвербалды амалдар.

•Романда кейіпкерлер арасындағы үнсіздік, қарама-қарсы отыру, көзқараспен түсінісу жиі суреттеледі. Бұл тәсіл арқылы сөзден гөрі әрекет пен атмосфераға басымдық беріледі.

2.“Жапандағы жалғыз үй”:

Бұл шығармасында табиғат пен адамның өзара байланысын бейнелеу үшін бейвербалды элементтер кеңінен қолданылған.

Мысалы:

•“Ерланның құлағына тек желдің гуілі естілді, ол үнсіз орнынан тұрды да, алыстаған отарға көз тастады.”

Мұндағы кейіпкердің қимылдары мен табиғатпен үндестігі оның ішкі алаңдаушылығы мен шешім қабылдауға деген тынымсыздығын білдіреді.

Әдеби мұрадағы маңызы:

Бейвербалды амалдар бұл шығармалардың көркемдік құндылығын арттырып, оқырманға кейіпкерлердің ішкі әлемін сөзсіз түсінуге мүмкіндік береді. Олар әдебиетте диалогты толықтырып, әрекетке мағына береді және оқырманды мәтіннің терең философиялық мазмұнымен байланыстырады.

Бейвербалды амалдардың көркем шығармадағы рөлі:

1.Кейіпкердің мінезін ашу:Бейвербалды амалдар арқылы авторлар кейіпкердің мінезін сөзбен емес, әрекетпен бейнелейді. Мысалы, кейіпкердің басқа адамның көзіне қарамауы – оның ұялшақтығын немесе сенімсіздігін көрсетуі мүмкін.

2.Сезімді көрсету:Диалогсыз эмоцияларды жеткізу үшін бейвербалды амалдар қолданылады. Күрсіну, бас изеу немесе қолын қусырып үнсіз отыру – әртүрлі сезімдерді көрсетудің тиімді тәсілі.

3.Мәтіннің атмосферасын құру:Табиғат пен адамның қимылдарын үндестіру арқылы шығармада белгілі бір эмоционалдық фон жасалады.

4.Ұлттық болмысты жеткізу:Қазақ әдебиетінде бейвербалды амалдар ұлттық ерекшеліктерді көрсетуге қызмет етеді. Мысалы, иіліп сәлем беру, шапан жауып құрмет көрсету сияқты әрекеттер ұлттық мәдениетті бейнелейді.

Қортындылай келе,әдебиетте бейвербалды амалдар тек шығарманың көркемдік деңгейін арттырып қана қоймай, оны оқырманға тереңірек сезіндіре отырып, адам болмысының күрделі әлеміне сүңгуге мүмкіндік береді. Сәкен Жүнісовтің, Абай Құнанбайұлының және басқа да қазақ әдебиетінің ұлы тұлғаларының шығармаларында осы тәсілдер шығарманың ішкі қуатын, сезім мен ойдың астарлы мағынасын ашатын басты кілтке айналған. Бейвербалды амалдар — адамзаттың жанын, рухын сөзбен жеткізе алмайтын, бірақ көркем әдебиеттің қолымен ұшқырлыққа айналған үнсіз тіл.

Әдебиет тілінің бұл нәзік қыры — оның мәнін терең түсініп, ішкі сезімнің нәзік иірімдеріне бойлай білетін оқырман үшін шынайы шығармашылық құдіретке айналады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.З.Қабдолов. ‘’Сөз өнер’’. Алматы: Қазақ университеті, 1970.
2.Қ.Жұмалиев. ‘’Әдебиет теориясы.’’ Алматы: Мектеп, 1969.
3. Толық жинақ: Өлеңдер мен қара сөздер. Алматы:Ғылым, 1995.
4.Мұхтар Әуезов ‘’Абай жолы’’. Алматы: Жазушы, 1942–1956.
5. С.Жүнісов. ‘’Ақан сері’’. Алматы: Жалын, 1979.
6. Л.Молдабекова. ‘’Қазіргі әдебиетте бейвербалды амалдардың қолданылуы’’ әдебиеті журналы,2015
7.Абай Құнанбайұлы, Толық жинақ: Өлеңдер мен қара сөздер. Алматы: Ғылым, 1995.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

IMPROVING SENIOR SCHOOL STUDENTS' SPEAKING FLUENCY THROUGH VOICE CHATBOT-BASED AI

Zeinel Ulzhan Amanzholkyzy
L. N. Gumilyov Eurasian National University, the 4th year student,
Graduate School of Education, "Teacher training in foreign languages",
Scientific supervisor: Zhussupova Roza Fljurovna
Candidate of Ped Sc., Ass. Professor,
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

Abstract: This article describes the implementation and efficiency of Voice Chatbot-based Artificial Intelligence (AI) in teaching English to senior school students' speaking fluency. The integration of Artificial Language has shown essential progress in many fields, including language recognition. Besides developing fluency in spoken English is a vital skill for secondary school students. The article is about non-native speakers and aims to present the advantages of AI applications during the learning process to enhance speaking fluency. It accentuates the comprehension of speaking development and adaptive feedback provided to students.

Keywords: Voice Chatbot-based AI, English speaking skills, Second Language Acquisition.

In today's fast-changing world, speaking English offers career advancement, increases self-esteem, and elevates social standing. We live in a developed technological era, so we must use these opportunities. We live in a society where English has become the "lingua-franca" language, in which people from diverse social and language groups communicate with each other, there is an increasing necessity for individuals to improve English speaking skills development. The expanding interconnectedness of the global community, facilitated by advancements in trade, travel, and communication, has resulted in an environment where individuals are increasingly exposed to people from diverse cultural backgrounds in both their personal and professional spheres. Consequently, it is essential to be able to convey and communicate fluently in the English language. To achieve fluency, it's crucial to understand speaking skills development (which is becoming progressively important in the learning process.). Speaking fluency is not only a skill, but people should also understand its work's meaning and inner mechanism. There are diverse interpretations regarding the definition of speaking skills development.

So, there is a necessity to understand the definition of speaking skills development to comprehend the concept of Second Language Acquisition Theories. The term speaking skills development emphasizes the importance of fluency and cognitive processing in the development of speaking skills to the engagement in communicative tasks helps learners develop fluency while balancing the accuracy of language use with the need to speak more freely [1; 50]. It's not only a skill but a consciousness fostering the development of communication, empowering individuals to engage in effective and respectful interactions across cultural boundaries. Speaking fluency is one of the issues that people face to achieve effective communication. Because identical situations can be found in diverse ways, speaking skills development is a dynamic process that needs to be consistently developed through the usage of different modifications. Being fluent compasses the capability to openly communicate with people with various language and social backgrounds. The speaking skills development emphasizes Second language acquisition, and its concept of constant increase by applying numerous modern variations. The conception has been broadly reviewed by experimental psychology, pedagogy, education, and different other areas. So, after full comprehension of speaking skills development, it provides people with half of the work.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

The concept of oral communication has developed in Almagul Tuspekova's research "English Oral Communication in Public Secondary Schools in Kazakhstan: Understanding its Practice and Challenges" which implements the English language as a "bridge" among diverse countries, non-English speaking countries embracing policies to advance learner's speaking skills development in English. The most broadly accepted definition of oral communication is a process of interaction to create and exchange meaningful utterances between participants.

Tuspekova A. presented a delineated adaptation of Douglas Fir Group's framework of three levels that have an influence on second language learning [2; 112-126].

The oral communication framework is structured into three levels: micro (learner's self), meso (relations and interactions with others), and macro (educational policy and culture) which form speaking skills development.

In the 21st century, incorporating digital tools in learning performs an essential role in secondary school students' education by providing captivating and multifaceted devices/programs for providing information. So, the question that may arise is, what is Voice Chatbot-based AI?

AI Chatbot is a resource to stimulate conversation, applying artificial intelligence to process, understand, and respond to spoken language. This definition underlines the ability of Chatbots to occupy the learning process with diversity.

The study by Gulmira Sarsenbayeva has emphasized the positive implementation of the role of modern educational technologies in education that encompasses three diverse, but interconnected areas.

Technology-Enhanced Language Learning. It advocates the use of cyber tools, embracing language learning apps, online platforms, and AI Chatbots to assist language acquisition. Technology-enhanced language Learning includes the optimistic planning and use of online platforms to enhance learning. Teachers need to seek appropriate platforms and select appropriate Chatbot software to ensure that these platforms make significant benefaction to educational aims.

Teacher Training and Professional Development. The second area emphasizes the importance of instructing teachers in Innovative teaching methods and the effective usage of digital tools in the classroom. It aims to increase teachers' opportunities to navigate and create contemporary conditions during the learning process. G. Sarsenbayeva conducts seminars and workshops to teach educators the skills essential to boost understanding of cyber tools usage.

Pronunciation and Intonation. The third dimension expands the influence of AI Chatbots on student's pronunciation and intonation. It consists of using Chatbots as a tool to address learners' systematic mistakes during the learning process in areas like stress patterns, intonation, and pronunciation. This aspect also presents the significance of strategies to improve pronunciation, which includes practical exercises and methods designated for speaking confidence and fluency.

Additionally, the research proposed by Dariga Ismailova and Guldana Seidaliyeva focuses on teaching the English language with AI teaching in Kazakhstan [3; 69-73]. This work recognizes the emphasis on developing speaking skills based on contemporary cyber educational technologies and interactive methods.

1. Digital Tools in Language Learning. It emphasizes how a learning process that is based on digital resources, such as educational apps, speaking platforms, and chatbots can boost English language proficiency, specifically speaking skills. This consists of research that presents the enhancement of language-learning environment and student engagement.

2. Task-Based Language Learning (TBLL). It is about highlighting TBLL method to develop communicative competence. It encourages the boost of practical language and confidence in communicating through collaboration and problem-solving.

3. Use of Mobile Apps. It considers applying mobile applications, pronunciation apps, and language games designated for speaking practice. It shows the importance of these apps and games to make speaking development accessible and engaging for learners.

Jihee Han and Dongyub Lee are known for their work on the chatbot's impact on English language acquisition, particularly learning English as a second foreign language. In their work

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

"Research on the development of principles for designing elementary English speaking lessons using artificial intelligence chatbots", they determine the phrase "This emotional stability, high interest, and attention have been found to enhance learners confidence and improve their learning immersion", highlighting the value of chatbots in speaking skills development showing how they provide a non-pressure environment for learners to practice speaking [4; 1-13]. Their approaches are essential to understanding the role of chatbots in the learning process.

The traditional classroom offers that practicing speaking in front of teachers can be stressful and put pressure, leading to anxiety that can interfere with speaking fluency. It encourages self-consciousness, which can diminish the will to practice speaking SFL.

In contrast, practicing speaking with chatbots is more prosperous for students, as they can practice without feeling embarrassed, which results in building speaking confidence.

They accentuate the significance of adaptive feedback in chatbot conversations, where immediate and personal comments (reactions) are provided. The feedback is based on given utterances, including unclear relationships between principles and eliminating previously mentioned words. It also accentuates the simulator of real-world situation conversations, such as customer service, casual and formal interactions, and all levels of social contexts.

Additionally, the integration of AI Chatbots promotes an efficient environment and boosts interest, attention, and students' motivation to speak fluently. The implementation of chatbots creates quality and modifies teaching methods, broadcasting the most practical side of it. Modern innovative methods in the education system demonstrate effectiveness through enhanced academic achievement, fostering creativity, critical thinking, and promoting information literacy. These findings highlight the substantial impact of AI Chatbots in education. Chatbots won't be limited to the messenger window. Forms of Artificial Language change as time progresses, from text to emojis to neural links, but what remains constant is the representations of the world in our mind and our need to convey our thoughts. Bots are the beginning of an interface between human and artificial general intelligence. The architecture and the tools we surveyed help students have an idea of what kind of bot to build for their system, what to expect from the bot, and what tools to use to build it. We also hope that this provides a direction for further possible innovations and research areas in text-based conversational interfaces. [5; 1025]". Thus, from the literature review for the past 10 years, we conclude that integrating Voice-chatbot AI into the learning process is a powerful tool that enhances senior school students' speaking by providing them with instant feedback, clarifying their mistakes, and working on them. Chatbots are not just a trend; they are an efficient instrument that teachers can implement to animate lessons and advance students' speaking skills.

Leveraging Voice-chatbot AI significantly enhances interaction patterns and students witness the impact Voice-chatbot AI has on their speaking progress and growth.

REFERENCES:

1. Bygate Skehan, P.A Cognitive Approach to Language Learning // Oxford University Press, 2016. — pp. 50

2. Ismail K., Tuspekova A., Mustaffa R. English Oral Communication in Public Secondary Schools in Kazakhstan: Understanding its Practice and Challenges // The Southeast Asian Journal of English Language Studies. — 2018. — pp. 112-126

3. Kemelbekova Z., Degtyareva X., Yessenaman S., Ismailova D., Seidaliyeva G. AI in teaching English as a foreign language: Effectiveness and prospects in Kazakh higher education. — 2024. — pp. 69-73

4. Han J., Lee D. Research on the development of principles for designing elementary English speaking lessons using artificial intelligence chatbots // Humanities and Social Sciences Communications. —2024. —pp. 1-13

5. Nimavat K. Chatbots: An overview Types, Architecture, Tools and Future Possibilities // International Journal for Scientific Research & Development. — 2017. — pp. 1025

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ЖАСАМПАЗДЫҚ — ӨМІР АҚИҚАТЫ

Сансызбай Еркеайым Беймбетқызы
Темірбек Жүргенов ат. ҚазҰӨА, III курс студенті
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Өмір ақиқаты жасампаздықта. Бұл ұғым өнер туындысы мен жасампаз тұлға арасындағы терең байланысты меңзейді. Суретші, жазушы, сазгер не өзге шығармашылық иесі өз ойын өнер туындысына айналдырған сәтте жаңа дүние жасап қана қоймай, өзгелердің шабытын шыңдайтын жаңа жасанды әлем жасайды, олардың тұңғиық ойы мен сезімін оятады.

Шығармашылық дегеніміз бірегей ой күйінде көрініс тапқан, өнер. Жаңа әдіс игеру жолындағы эксперимент пен эмоцияның шоғырланып жарыққа шығуы өнер ісін үдетеді. Жасампаздық деген бір дайын жолмен жүру емес, қоршаған ортадан терең мағына мен сұлулық іздеу. Жасампаз болу өнердің өзегі, өмірдің ақиқаты. Ішкі құштарлықты шарықтататын негізгі сипат.

Кілт сөздер: Жасампаздық; Шығармашылық; Жеке даму; Табандылық.

Жасампаздық рөлі қандай? Жасампаздық деген не? Жасампаздық сипат кәсіби және жеке өмірдегі басты элемент деп санаймын. Алға қойған мақсатқа қол жеткізу үшін қажет қасиет қана емес, қоршаған әлемді толықтыру үшін де мүмкіндік беретін құбылыс. Сонымен қатар, өмірдің әр саласында жетістікті анықтайтын негізгі күш. Түрлі қиындық пен мүмкіндікке толы құбылмалы бұл әлемде шығармашылық шамшырақ іспетті. Тұрмыста да, кәсіпте де мардымды қызмет атқарады.

Аталмыш мақала жасампаздықтың жұмыс пен өмірдегі көрінісін ашуға және оның жетістікпен қанағаттануға әсерін анықтауға бағытталған. Жасампаздықтың инновация, қауіп-қатерді басқару және шығармашылық сынды басты санаттарын талдай отыра, оны дамыту тәсілдерін талқылаймыз. Жасампаз тұлғаның негізгі бірегейлігі, оның жеке және қоғамдық өмірге әсері мен маңыздылығын ашуды мақсат еттік.

Әр мұраның бастауы — ой

Жасампаздық — бұл адамның армандауға, арманын мақсатқа айналдыруға және оны жүзеге асыруға итермелейтін алып күш. Бұл біздің арман мен амбиция көрнекі нәтижеге, өміршең мұраға айналдыру мүмкіндігі. Болашақтың жарқын болуына қызмет ететін басты себепші. Тұрмыстық деңгейде де біздің әр қолданатын бұйым мен ұстанатын әдет-ғұрып пен ырымдар да осы жасампаз ой жемістері. Күнделікті қолданыстағы құрал мен жабдық та жасампаздық нәтижесінде пайда болған өнімдер. Мұражай қабырғасында орын тапқан өнер туындыларын ғана жасампаздық деу ағаттық. Оның шекарасын тарылту деп білемін.

Тек бүгінде жасампаздықтың ұрпақтар арасында жалғасын тауып жаңару жылдамдығы бәсеңдетті. “Тудырушы” (Creator) емес, тұтынушы (consumer) ұрпақ үлесі басып кетті. Қай қоғамда да, жасампаз жас үлесі 10%-дан кем болатын болса, ол қоғамда ғылыми-техникалық революцияның орын алуы екіталай. Ал жасампаздық қарапайым тұрмыстан бастау алатын құбылыс.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Жеке даму жолындағы жасампаздық

Тұлғалық дамудың соңғы құнды өнімі — жасампаздық. Яғни, қай салада да даму жолына түссек, қандай қабілет игерсек те түбі жасампаздық сипатқа ие болуымыз маңызды. Онсыз жаңа өзіндік өрнек қалдыра алмаймыз. Озық жол құра алмаймыз. Тек еруші, "қайталаушы" шәкірт болып қана қаламыз. Шеберліктің шыңы ол — шығармашылық.

Жасампаздық қоршаған ортадағы даму жолын көруге, бастама көтеруге, кедергіні еңсеретін әдіс табуға мүмкіндік беретін сипат. Жасампаз тұлғаға тән келесі қасиеттерге ерекше зейін қоялық:

1. *Зейін шоғырландыру:* жасампаз тұлға болашаққа қатысты көрегендікке ие. Бейне бір болашаққа сапар шеккен жан сияқты сенімді қадам баса алады. Зейіні болашақ мақсатта болғаннан да, бүгінгі кедергіні елемейді. Көрмейді. Күнде мақсатқа қарай қадам басып, зейінін шашпайды;

2. *Проактивті позиция:* сыртқы күштерді елемейді. Құндылығына сай өз әсер шеңберінде үздіксіз әрекет етеді. Жайлы орта, ыңғайлы уақытты күтпейді. Өзіне-өзі жауапкершілік алып, қауіп-қатерге барудан тайсалмайды. Бастамашылдықты қолдайды әрі құрады.

3. *Бейстандарт ойлану:* жасампаз тұлған таптаурыннан тыс ойланады. Проблема шешудің жаңа идеялары мен тәсілдерін табуға қабілетті. Тәжірибе жасауға және қиындықтарды қабылдауға дайын. Көпшілікке қарсы өзіндік жолмен жүре алады. Қысым сезбейді.

4. *Табандылық:* қайтпастық қасиет. Жасампаз тұлға сүрінбейді, қателікке бой алдырмайды дей алмаймыз. Тек әр сүрінген сайын қайта тұра алады. Таусылмайды. Түрлі тосқауылдан өтіп, өзін-өзі тәрбиелеуге бейім.

5. *Оқу және даму:* жасампаз жан үздіксіз үйренеді. Жасампаз жылдам емес, баяу болса да, үйренуден жалықпайды. Қателікке қуанады, сәтсіздіктен сабақ алады және әр қиындықты өсу мүмкіндігі деп бағалайды.

Тұлғалық даму жолының әр аялдамасы осы жасампаздық сипатын шыныктыра отырып, соңында толық шығармашылықты шыңдайды. Жоғарыдағы қасиеттер жасампаз жанның табиғатын толық ашады, ішкі кемелдікке жетелейді.

Бақ па әлде бап па?

Әдетте іскерлік әлемдегі жетістіктің көбі бақпен келді деп ойлаймыз. Істе танымал, өмірде бақытты болудың өзі осы бақ деп сенеміз. Жасампаздық сипаты сөнген сайын адам нәтиже "бақ шабуынан" деп қателеседі. Ал керісінше, жасампаздық қабілет дамыған сайын жетістік бап жемісі екенін аңғарамыз.

Барша жетістікті баққа балайтын болсақ, бапқа сенбейтін боламыз. Өзіміздің де, өзгенің де жеңістерін құнсыздантыратын боламыз. Баққа ғана сенгеннен шыдамсыз боламыз. Тар ойланатын, шолақ мақсат қоятын боламыз. Кешіктірілген марапатқа дайын болмаймыз. Ал кез келген ірі істің жемісі бірден келмейді. Әсіресе, өнер өміршең өнім беруге бейім.

Рас, бақтың әсері мүлдем жоқ дей алмаймыз. Оның өзіндік үлесі сөзсіз бар. Алайда бабымыз мықты болған сайын, бағымыз да жиі жанатынын ұмытпайық. Баққа ғана сенсек, әр сәтсіздік бізді қинайды. Сүріндім деп сағымыз сынады.

Жалғастырудан қашамыз. Тұтынушы боламыз. Бабымызды тапсақ, сәтсіздік лəззат сыйлайтын болады. Себебі шығармашылық процесс жалғасын табады. Әр қателескен сайын, тиісті тәсілін таппаған сайын жасампаздыққа тереңдей береміз. Ойымды ең көп өнертуындысын тапқан Томас Эдисонның мысалымен негіздейін. Биографиялық деректерге сүйенсек, шамның ішкі элементін іздеуде

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

10 000 рет қателескен. Қалай берілмеді? Қалай қайтып қалмады деп таң қалармыз? Бірақ бұл баққа сенген тар ойдың сұрақтары. Ол қателестім деп ойламаған. Қайта соңғы жұмыс істеген "Қасқырдың сілекейін" тапқан сәтте қайғырған. Себебі ол және оның ұжымы үшін он мың талпынысқа созылған шығармашылық процесс аяқталды. Жасампаз жас істің нәтижесіне емес, істің барысына қуанады. Себебі ол өз бабына сенеді.

Жасампаздық күйі

Шығармашылық бір ерекше құбылыс. Кейде оның ішіне кіріп кеткенде уақыттың да қалай өткенін байқамай сағаттап бір орында табжылмай отыра аламыз. Шөлдеу, тамақ ішу сияқты я өзге табиғи қажеттілікті де сезбей ерекше күйге енеміз. Жасампаздық күйі уақытты өзгеше қабылдауға жағдай жасайды.

Көбіне бұл күйді бір кездейсоқ, сыртқы факторлар себебінен туындайтын құбылыс деп бағалаймыз. Шабыт деп атаймыз. Содан да, «Шабытым келмей жатыр» — деп уәж айтамыз. Оны қонақ ұқсатып күтеміз.

Сөйтсек, ол табиғи емес, қолдан жасалатын жағдай екен. Адамның жасампаз күйге енуі үшін қажет шарттар бар:

- *Қабілетті болу.* Қандай іспен айналыспақшы болсам, соған қатысты минимум іскерлік қабілетке ие болуым керек. Айталық, жазушы болсам қалам ұстай алу я пернетақтада қарамай тере алу. Екі саусақпен ұзақ әріп іздеп отыру шығармашылық күй бермейді. Суретші ретінде қылқалам ұстай алмасам, бейнелеу әлеміне аяқ баса алмаймын.
- *Қиын болуы.* Менің алдымда тұрған іс мен үшін қиын болуы шарт. Көркем әдебиет кеміріп жүрген адамға әліппе оқытсаңыз іші пысады. Оңайлық оны босаңсытады. Қарапайым тұрмыстық мысал — жүгіру қиын ба әлде жүру ме? Әлбетте, жүгіру көбірек күшті талап етеді. Шаршатады. Бірақ жаратылысынан жасампаз бала үшін жүгіргеннен жүру ауыр. Ол жүгіргеннен қуат алып, жүргеннен шаршайды.
- *Баланс болуы.* Бұл басты шарт. Яғни, тапсырма тым қиын болса стресс болады. Ол менің қабілетімнен сәл ғана қиын болуы тиіс. Сонымен қатар, мен шыңдалған сайын қиындап отыруы да маңызды.

Кітап оқу арқылы күрделі когнитивті операция — қиялды қосу терең шығармашылық әрекет. Алайда кітап тілі менің қабілетіме тым биік болса, кітап оқу ұзаққа бармайды. Тым оңай болса да, тез тоқтаймын. Әр беті, әр тарауымен менің оқу қабілетіме қарай күрделеніп отырса ғана оқу шығармашылық іске айналады.

«Жасампаздық» сөзі лексикалық тұрғыда архаизмге айналып үлгерді. Сөзбен бірге оның ұғымы да көнеріп кетті. Көп жастар оны түсінбейміз. Шығармашылық деген баламамен ауыстырып алдық. Ол аздай, шығармашылық ұғымын тек ән-күй және өлеңмен шектедік. Алайда, шығармашылық жоқтан бар жасау, екі бардан жаңа бір бар жасау. Өмірдің қай саласында болсын бұрын болмаған түсінік, идея, өнім және жалпы мұра жасау. Қарапайым тұрмыстағы құралдан бастап, тарихи салт-дәстүрмен жалғасып, заманауи технология қолданудың бәрі жасампаздық шекарасында жатыр деп санаймын.

Адам түрлі ситуацияға үздіксіз бейімделе алу арқылы, мақсат-мүддесіне қарай түрлі пішінге ене алу арқылы осы жасампаздық болмысын аша алады. Жасампаздық адамның ажырамас гені. Әлеуетін ашатын, ішкі құлыптарды шешетін кілті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Жасампаздық күші», Норман Винсент Пил, 2023ж., 352 б.
2. «Күй: оңтайлы тәжірибе психологиясы», Михай Чиксентмихайи, 2015ж., 461 б.
3. «Жасампаздық: Бұл неліктен маңызды және оны қалай дамыту керек» (Creativity: Why It Matters and How To Develop It), Джон Кливз., 2018ж., 134 б.
4. «Ойлау өнері», Эрнест Димнит., 1955ж.. 202 б.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

АЛҒАШҚЫ ҚОРҒАНЫС: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ КИБЕРҚАУІПСІЗДІККЕ БАУЛУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Нұржанова Махаббат Ержігітқызы
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты
«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының
2 курс студенті
Астана, Қазақстан

Қазіргі заманғы цифрлық әлемде киберқауіпсіздік ұғымы маңызды орынға ие болып отыр. Әсіресе, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы балаларға ерте жастан бастап қолжетімділік туғызып, олардың цифрлық ортада қорғалуы қажеттігін күшейтті. Мектепке дейінгі балаларды киберқауіпсіздікке баулу – оларды заманауи ақпараттық қоғамға дайындаудың маңызды бөлігі. Бұл тек қауіпсіздікті қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар баланың ақылды әрі жауапты цифрлық азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар цифрлық технологиялармен алғаш рет танысқан кезден бастап, ата-аналар мен педагогтар олардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік алады. Алайда, балалардың цифрлық қауіптерді түсінуі мен қауіпсіздік шараларын орындауы өз бетімен жүзеге асуы қиынға соғады, сондықтан осы бағытта тиісті білім берудің маңызы ерекше.

Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналары үшін киберқауіпсіздік негіздеріне үйрету балалардың жеке ақпаратын қорғауға, саналы және қауіпсіз онлайн орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл процесс тек ата-аналар тарапынан ғана емес, сонымен қатар педагогтар тарапынан да ұйымдастырылуы тиіс. Педагогтар балалардың цифрлық сауаттылығын арттырып, оларды виртуалды қауіптерден қорғауға бағытталған әдістер мен тәсілдерді қолдануы қажет. Осылайша, ата-аналар мен педагогтардың бірлескен жұмысы арқылы балаларды киберқауіптерден қорғау мүмкіндігі артады [1].

Киберқауіпсіздік қазіргі таңда қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Оның өзектілігі мен маңыздылығы ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен тығыз байланысты. Әсіресе, интернеттің және сандық құрылғылардың күнделікті өмірге терең енуі ата-аналар мен педагогтарды алаңдатып отыр. Балалар, соның ішінде мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер, сандық ортаға ерте жастан бастап кіреді және интернетті пайдалана бастайды. Бұл үрдіс балалардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың білім деңгейін кеңейтуге ықпал еткенімен, виртуалды әлемнің қауіп-қатерлерінен қорғау мәселесін де алға қояды. Киберқауіпсіздік ұғымы тек ересектерге қатысты емес, ол ең алдымен балалардың сандық ортада қорғалуына, олардың жеке ақпаратын және психологиялық саулығын сақтауға бағытталған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың цифрлық қауіптермен кездесуі көбінесе ата-аналардың бақылауынсыз қалатын жағдайларда орын алады. Бүгінде балаларға арналған көптеген онлайн ойындар, бейнелер және мультимедиялық қосымшалар бар, олардың кейбіреулері зиянсыз болса, басқалары белгілі бір қауіп-қатерлерге ие болуы мүмкін.

Мектепке дейінгі жастағы балалар ғаламторды қолданғанда, өз жастарына сай емес мазмұндарға кездейсоқ тап болуы мүмкін. Мысалы, олар мультфильмдер немесе ойындар іздеп жүріп, қорқынышты, зорлық-зомбылық көрсетілетін немесе балаларға арналмаған бейнелерді көріп қоюы ықтимал.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Көбіне балалар интернеттегі бейнероликтерді немесе ойындарды қадағалаусыз қарап, кездейсоқ қауіпті сілтемелерге басып қояды.

Кейде жарнама немесе ұқсас атауларға байланысты олар қауіпсіз мазмұн деп ойлаған нәрсе балаларға арналмаған болып шығады. Бұл балалар үшін қауіпті, себебі қорқынышты немесе түсініксіз мазмұн баланы шошытып, оның ұйқысына, мінез-құлқына және жалпы эмоционалдық жағдайына кері әсер етіп, онымен қоса мұндай контент баланың дұрыс түсінбеуіне және шынайы өмірде теріс әрекеттерді қайталауына әкелуі мүмкін.

Бұдан бөлек экранға тәуелділік пайда болуы да мүмкін. Мектепке дейінгі жастағы балалардың гаджеттерге тәуелді болуы – қазіргі уақытта жиі кездесетін мәселе. Бұл жағдай баланың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына кері әсер етуі мүмкін.

Мәселен, балалар ұзақ уақыт мультфильм көреді, ойын ойнайды немесе құрылғылармен айналысады. Ата-аналардың да баланың тыныш отыруы үшін телефон немесе планшет беру жиі кездеседі. Ал экранда көрсетілетін жарық түстер, дыбыстар және жылдам өзгеретін суреттер баланың назарын ұзақ уақыт ұстап тұра алады.

Электронды құрылғыларға деген тәуелділік пайда болған баланың гаджеттен бас тартқысы келмеуі немесе оны тартып алғанда ашулануы көбіне байқалады. Бұндай балаларда шынайы өмірдегі ойындарға немесе әлеуметтік қарым-қатынасқа деген қызығушылығы төмендейді. Сонымен қатар, ұйқының бұзылуы және экран алдында ұзақ уақыт отыру, дене белсенділігінің азаюы жиі орын алады.

Тақырыпқа байланысты ақпараттарды талдау барысында келесі бағыттарды атап өтуге болады:

1. Мектепке дейінгі балалардың цифрлық технологиялармен ерте танысуы: «Early Childhood Education Journal» журналында жарияланған зерттеулерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалар цифрлық құрылғылармен және сонымен қатар интернетті 3-5 жас аралығында пайдалана бастайды, бұл ерте жастан бастап қауіпсіздік мәселелерін көтереді. Зерттеулер көрсеткендей, балалардың цифрлық қауіпсіздік туралы қарапайым білімі болмаса, желіде қауіпті жағдайларға оңай түсуі мүмкін.

2. Қауіпсіздік дағдылары және жеке деректерді қорғау: балаларды ерте жастан оқыту үшін маңызды киберқауіпсіздіктің негізгі аспектілерінің бірі - жеке деректерді қорғау. Еуропалық Комиссия жүргізген зерттеулер 6 жасқа толмаған балалар жеке ақпараттың (мысалы, аты-жөні, мекенжайы, фотосуреттері) теріс пайдаланылуы мүмкін екенін түсінбейтіндері екенін көрсетті. Сондықтан балаларды құпиялылық пен жеке өмірге қол сұғылмаудың негізгі принциптерін үйрету маңызды.

3. Ата-ана мен тәрбиешінің ықпалы: зерттеу сонымен қатар балаларды желіде қауіпсіз ұстауды үйретудегі ата-аналар мен тәрбиешілердің рөлінің маңыздылығын көрсетеді. Journals of Early Childhood Literacy журналының зерттеулері бойынша, ата-анасы цифрлық оқытуға белсене араласатын және олардың онлайн әрекеттерін бақылайтын балалардың киберқауіпсіздік дағдылары жақсырақ екенін көрсетті. Балабақша тәрбиешілері өз кезегінде қауіпсіздік техникасы бойынша білім беру бағдарламаларын күнделікті іс-әрекетке енгізуде басты рөл атқарады.

4. Цифрлық қауіптердің ертеден алдын алу: балаларды киберқауіпсіздік негіздеріне үйретуге бағытталған бағдарламалар желіде жағымсыз немесе қауіпті жағдайларға түсу қаупін азайтады. Зерттеулер көрсеткендей, мектепке дейінгі мекемеде де балаларды желіде бейтаныс адамдардан аулақ болу және жеке ақпаратты жарияламау сияқты қарапайым ережелерді үйретуге болады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

5. Ойын тәсілін қолдану: мектеп жасына дейінгі балалар үшін киберқауіпсіздікті үйрету үшін ойынға негізделген әдістерді қолдану маңызды. Мысалы, ойын элементтері арқылы балаларды желіде қауіпсіз мінез-құлыққа үйретететін ойындар олардың қызығушылығын және қауіпсіздік принциптерін түсінуін айтарлықтай арттырады. Мұндай тәсілдер әртүрлі елдердің білім беру бағдарламаларында белсенді түрде зерттелуде.

6. Этикалық және әлеуметтік аспектілері: «Journal of Children and Media» журналында ұсынылған зерттеулер, балаларды цифрлық этикамен тәрбиелеу киберқауіпсіздіктің ажырамас бөлігі екенін атап көрсетеді. Балалар желіде өздерін қалай қорғау керектігін түсініп қана қоймай, цифрлық кеңістікте өз әрекеттеріне жауапкершілік сезімін дамытуы маңызды.

Келтірілген мысалдардың алдын алу және шешу жолдары мол. Ең бастысы-ата-ананың баланы түзетуге және қорғауға деген талпынысы. Біріншіден, балаларға арналған платформаларды қолдануға ұмтылыңыз. Мысалы, YouTube Kids немесе арнайы балаларға арналған ойындар мен қолданбаларды таңдау. Бұған қосымша ретінде ата-ана бақылауы (Parental Control) орната аласыз. Құрылғыларда және қосымшаларда арнайы фильтрлерді қосу еш уақытта артық етпейді.

Тағы да, балалардың құрылғыларды қанша уақыт қолданатынын бақылау қажет. Егер балалардың желілерді қолдану уақыты шамадан тыс болса, біртіндеп оны қысқартуға болады. Әдетте балалар үшін күніне 1 сағаттан аспайтын экран уақыты ұсынылады (мектепке дейінгі жаста). Оның орнына баланы ойыншықтармен, шығармашылықпен (сурет салу, мүсіндеу), кітап оқумен немесе белсенді ойындармен айналысуға ынталандыруыңызға болады. Ал гаджеттерге тек белгілі бір уақыттарды бөліп үйретсе, бала тәуелділіктен арылып, басқа дағдаларын дамытып қана қоймай, сондай-ақ уақытын тиімді пайдалануды үйренеді.

Баланың гаджеттермен қарым-қатынасы қалыпты болуы үшін, ата-ана оның уақытын дұрыс ұйымдастырып, гаджеттерді тек қажеттілік үшін қолдануды үйретуі керек. Ал онымен қоса бала ғаламторда қауіпсіз болу үшін, ата-ана оның әрекетін бақылап, дұрыс бағыт-бағдар беруі маңызды.

Балалардың психикасы мен әлеуметтік дағдылары әлі қалыптасу кезеңінде болғандықтан, олар ересектердің өмірлік тәжірибесінсіз өздерін виртуалды әлемде қорғай алмайды. Сандық құралдар арқылы олар кездейсоқ түрде зорлық-зомбылық, агрессивті әрекеттер, немесе ересек тақырыптағы мазмұнға тап болуы мүмкін. Осыған байланысты балалардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ата-аналар мен педагогтар өзара тығыз байланыста болып, қауіпсіздік негіздерін үйретуге ерекше көңіл бөлуі керек [2].

Киберқауіпсіздік саласында мектеп жасына дейінгі балаларға үйретудің бірден-бір мақсаты – оларды ақпараттық технологияларды қауіпсіз пайдалану дағдыларына баулу. Бұл тұрғыдан алғанда балаларға киберқауіпсіздік негіздерін түсіндіру олардың болашақта саналы және қауіпсіз цифрлық ортада болуына мүмкіндік береді. Балаларға түсінікті, қарапайым және тартымды тәсілдер арқылы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру маңызды. Мысалы, «Бейтаныс адамдармен сөйлеспеу», «Жеке ақпаратты интернетке салмау», «Тек ата-аналардың рұқсатымен жаңа сайттарға кіру» сияқты негізгі ережелерді балаларға ойын түрінде жеткізу оларды қорғаудың бір әдісі ретінде қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалардың киберқауіпсіздікке қатысты сауатын арттыру үшін арнайы бағдарламалар мен әдістер қолданылуы мүмкін. Мысалы, киберқауіпсіздік туралы интерактивті ойындар, мультфильмдер, балаларға арналған арнайы қолданбалар арқылы оларды қауіпсіздік ережелеріне баулуға болады. Бұл бағдарламалар балалардың қызығушылығын арттырып, ақпаратты қабылдау деңгейін көтеруге бағытталған.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Сонымен бірге ата-аналар мен педагогтардың да рөлі үлкен, өйткені олар балаларға үлгі болып, олардың сандық ортада өзін-өзі ұстау дағдыларын қалыптастырады. Педагогтар балалардың виртуалды әлемге енуіне қажетті дайындықты олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ескере отырып, олардың қызығушылықтарын ескеріп, қауіпсіздік негіздерін жеткізуі керек [3].

Киберқауіпсіздік білімін балаларға үйрету ата-аналар мен педагогтар арасындағы бірлескен жұмыс нәтижесінде тиімді жүзеге асады. Мектеп жасына дейінгі балалардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ата-аналарға арнайы нұсқаулықтар мен кеңестер берілсе, олар балалардың интернеттегі қауіптерден қалай қорғануға болатындығын біліп, қажетті шараларды қолдана алады. Мысалы, ата-аналарға балаларға қандай сайттарға кіруге рұқсат ету, қандай ақпаратты бөлісуге болмайтындығы туралы кеңестер беру маңызды. Сонымен қатар, ата-аналар мен педагогтар балаларға қауіпсіздік ережелерін үйретіп қана қоймай, оларды киберэтикаға тәрбиелеуге де мән беруі тиіс.

Киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудегі педагогтардың рөлі де ерекше орын алады. Балабақшаларда немесе балалар мекемелерінде киберқауіпсіздік сабақтарын өткізу немесе оларды ойын формасында үйрету тиімді нәтижелерге әкеледі. Педагогтар балаларға қауіпсіздік ережелерін жеткізу барысында олардың жас ерекшеліктерін, түсіну деңгейлерін ескере отырып, ақпаратты қарапайым және қолжетімді түрде ұсынуы қажет. Сондай-ақ, балалардың ата-аналарымен байланыс жасап, олардың сандық қауіпсіздік шараларын үйде де сақтап жүруін бақылау керек. Балабақшада немесе басқа білім беру мекемелерінде сандық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру арқылы балалардың киберқауіпсіздік негіздерін меңгеруі жеңілдей түседі [4].

Балаларға арналған киберқауіпсіздік бойынша білім беруде педагогтар мен ата-аналардың бірлесіп жұмыс жасауы нәтижелі әрі тиімді. Балалардың сандық ортада өзін-өзі қорғау дағдыларын қалыптастыру, оларға саналы цифрлық мәдениет беру, олардың жеке ақпаратын сақтау және дұрыс интернетті пайдалану ережелерін үйрету – заман талабы.

Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балалар сандық құрылғыларға жиі қол жеткізетіндіктен, олардың жеке ақпаратын қорғау, саналы пайдалануды үйрету, қауіптерден сақтану қажеттілігі туындайды. Бұл жастағы балалардың сандық ортадағы әрекеттеріне бақылау орнатып, киберқауіпсіздік негіздерін ата-аналар тарапынан түсіндіру аса маңызды. Киберқауіпсіздік бойынша ата-аналарға арналған нұсқаулықтар мен кеңестер балалардың виртуалды ортада қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірден-бір құралы ретінде қарастырылады.

Ата-аналар балаларының интернет қолдану дағдыларын дамыту барысында оларды киберқауіпсіздік ережелерін сақтауға бейімдеуі керек. Балалар интернетте жиі қауіпке ұшырайды: олар агрессивті мазмұнды, ересек тақырыптағы бейнелерді кездестіре алады, киберқылмыскерлердің назарында болуы мүмкін, сонымен қатар жеке ақпараттарын жариялау қаупі де бар. Осыған орай, ата-аналар балалардың сандық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін олардың интернет қолдану уақытын бақылауға, қандай сайттарға кіруге рұқсат етілетінін анықтауға, балаларға қолжетімді ресурстарды іріктеуге назар аударуы қажет. Бұл үшін балаларға арналған арнайы контент сүзгілерін, бағдарлама орнату шектеулерін пайдалану тиімді. Көптеген ата-аналар балалардың интернет қолдану уақытын шектеп, белгілі бір уақыт аралығында құрылғыны қолдануға рұқсат ету арқылы киберқауіпсіздікті сақтайды.

Сонымен қатар, балаларға киберқауіпсіздік туралы білім берудің маңыздылығы ата-аналардың осы тақырып бойынша білім деңгейімен тікелей байланысты. Ата-аналар балаларға интернетті қауіпсіз қолданудың негізгі ережелерін түсіндіре отырып, олардың саналы интернет қолданушы болуына көмектеседі.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету ата-аналар мен балалар арасындағы ашық қарым-қатынастың негізінде жүзеге асуы керек. Балаларға киберқауіпсіздік бойынша кеңестер беру кезінде оларға түсіністікпен қарау, олардың сұрақтарына жауап беру және олардың интернеттегі тәжірибелерін қолдау маңызды. Ата-аналар балалардың интернетте кездесуі мүмкін қауіптер туралы ақпаратты ашық түсіндіруі керек, бірақ оларды қорқытпай, барынша түсінікті тілмен жеткізуге тырысуы қажет. Мұндай тәсіл балалардың интернетке деген сенімділігін қалыптастыруға және саналы көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Балалар интернетті қауіпсіз пайдалану тәсілдерін үйрене отырып, қауіп-қатерден қалай қорғану керек екенін өз бетінше түсінетін болады.

Ата-аналарға арналған киберқауіпсіздік нұсқаулықтары олардың балаларын сандық ортада қорғауға, жеке ақпараттарын қауіпсіз сақтауға, интернеттегі этикалық нормаларды үйретуге бағытталған. Осылайша, ата-аналар балалардың саналы интернет қолдану дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Киберқауіпсіздік бойынша білім деңгейін арттыру, балалармен бірге қауіпсіздік ережелерін талқылау және оларға бағыт беру арқылы ата-аналар өз балаларының виртуалды ортада қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады.

Киберқауіпсіздіктің педагогикалық аспектілері қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды бөлігіне айналып отыр. Сандық технологиялардың кең таралуы және олардың білім беру процесіне енуі педагогтарды балалардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне жауапкершілікпен қарауға мәжбүрлейді. Педагогикалық тұрғыдан киберқауіпсіздік балалардың жеке мәліметтерін қорғап, виртуалды кеңістікте қауіпсіз орта қалыптастыруды мақсат етеді. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін тәрбиешілер балаларға киберқауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, оларға қажетті дағдыларды үйретуге баса назар аударуы қажет. Әсіресе мектеп жасына дейінгі балалардың цифрлық қауіптерді түсіну деңгейі төмен болғандықтан, олардың цифрлық сауаттылығын арттыру педагогтардың кәсіби қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады [5].

Педагогикалық аспектілерге сүйене отырып, киберқауіпсіздік білім беру бағдарламаларына енгізіліп, сандық ортада балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді жолдарын қамтиды. Мысалы, балаларға қарапайым және түсінікті түрде киберқауіпсіздік ережелерін түсіндіру қажет. Олар үшін жас ерекшелігіне сай интерактивті әдістер, ойындар, бейнелер, анимациялар пайдаланылады. Бұл балалардың ақпаратты оңай қабылдауына және ережелерді есте сақтауына мүмкіндік береді. Педагогтар бұл процесс барысында балалардың танымдық және эмоциялық қабілеттерін ескеруі керек. Сандық қауіпсіздік бойынша түсіндіру жұмыстары балаларды саналы түрде интернет қауіптеріне қарсы тұра білуге үйретіп, оларды интернетте қауіпсіз жүріс-тұрысқа тәрбиелейді.

Сондай-ақ, киберқауіпсіздік бойынша білім беру процесінде ата-аналар мен педагогтар арасындағы ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Педагогтар ата-аналармен байланыс орнатып, оларды киберқауіпсіздік ережелерін сақтау мен балаларға түсіндіруде бірлесе жұмыс жасауға шақырады. Бұл балалардың мектеп пен үй арасындағы киберқауіпсіздік мәдениетін бірдей деңгейде сақтап, саналы қолдануға жағдай жасайды. Мектепте алған білімдерін балалар үйлерінде де қолдана отырып, өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ата-аналар мен педагогтар арасындағы тығыз байланыс балаларды қоршаған ортада да, виртуалды ортада да қорғаныс қабілеттерін арттырады.

Киберқауіпсіздік педагогикалық тұрғыдан қарағанда балаларға өмірде қажет маңызды дағдыларды қалыптастырады. Бұл тек виртуалды әлемде ғана емес, шынайы өмірде де қолданылатын дағдылардың бірі болып табылады. Балалар цифрлық әлемдегі қауіп-қатерлерді түсініп, олардан қорғанудың әдістерін меңгере отырып, өздеріне сенімді әрі білімді интернет қолданушыларға айналады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Осылайша, педагогтардың киберқауіпсіздік негіздерін балаларға жеткізуі олардың болашақта саналы және қауіпсіз интернет қолдануына жағдай жасайды, ал бұл – бүгінгі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі.

Киберқауіпсіздік негіздерін мектеп жасына дейінгі балаларға үйрету – болашақ үшін маңызды қадамдардың бірі. Қазіргі заманғы цифрлық орта балалардың өміріне ерте жастан бастап әсер етуде, сондықтан оларды осы ортада қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу аса қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған киберқауіпсіздік білімінің болашағы олардың жеке мәліметтерін қорғап, ақпараттық қауіп-қатерлерден қорғайтын саналы азамат болып өсуіне негіз болады. Бұл білімді ерте жастан бастап беру балаларды сандық кеңістіктегі қауіптерден хабардар етіп, олардың интернет қолдану мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен, ата-аналар мен педагогтардың бірлесе әрекет етуі балаларды киберқауіпсіздік ережелерін сақтауға үйретуде үлкен рөл атқарады. Педагогтар мектепте киберқауіпсіздік ережелерін балаларға түсіндіріп, олардың саналы интернет қолданушы болуына ықпал етеді. Ал ата-аналар үйде бұл білімді нығайтып, балаларының виртуалды ортада өзін-өзі қорғау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Мұндай ынтымақтастық балалардың киберқауіпсіздік туралы білімін арттырумен қатар, олардың шынайы өмірде де қауіп-қатерлерге қарсы тұру қабілетін дамытады. Осылайша, киберқауіпсіздік бойынша білім беру балалардың тұлғалық дамуына, олардың қауіпсіз сандық ортаны қалыптастыруға деген көзқарасын өзгертуге оң әсерін тигізеді.

Сонымен, қорытындылай келе, ақпаратты талдау барысында байқалғаны біздің елімізде бұл тақырып енді ғана зерттелуде. Мектеп жасына дейінгі балаларды киберқауіпсіздік негіздеріне үйрету тек қауіпсіздік ережелері туралы білім беру ғана емес, сонымен қатар цифрлық кеңістікте саналы, этикалық және қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі дағдыларын дамыту болып табылады. Бұл процестің маңыздылығы халықаралық деңгейде мойындалды және қазірдің өзінде бірқатар елдер жас балаларға технология мен Интернет әлемінде қауіпсіз шарлауға көмектесетін білім беру бағдарламалары мен курстарын әзірлеп, енгізуде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ермекова, Л., & Мырзабекова, А. (2019). Цифрлық қауіпсіздік және балалардың интернет қауіпсіздігі. Алматы: "Қазақ университеті" баспасы.

2. Смағұлов, Е. (2021). Балаларға арналған киберқауіпсіздік: қауіптер және алдын алу әдістері. Астана: "Білім" журналы.

3. Kotler, P. (2020). Digital Safety and Education for Young Children. New York: CyberTech Publications.

4. Жолдасова, Г. (2018). Бала мен интернет: Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары. "Тәрбие және қауіпсіздік" ғылыми журналы, №2, 34-45 бет.

5. Ақбаев, Н. (2020). Педагогикадағы киберқауіпсіздік негіздері. Алматы: "Педагогика және психология" баспасы.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘӨЖ 376

SEL(ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ОҚЫТУ) БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ, ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Қуанышбекова Аяжан Қанағатқызы
Ғылыми жетекші: Турганбекова Клара Медиевна
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, студент
Қарағанды, Қазақстан

Аннотация: Мақала негізі болып SEL(әлеуметтік-эмоционалдық оқыту) бағдарламасы болып табылады. Жалпы бұл мектеп бағдарламаларында әлеуметтік және эмоционалды дағдыларды дамытуға бағытталған білім беру әдісі. SEL сонымен қатар "әлеуметтік-эмоционалды оқыту" немесе "әлеуметтік–эмоционалды сауаттылық " деп аталады.

Жалпы тәжірибеде SEL математика, жаратылыстану және оқу сауаттылығы тәрізді басқа пәндермен бірдей дәрежеде оқытылады, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларға баса назар аударылады. Сонымен қоса, бағдарлама өз ішінде негізгі бес құрылымды қамтиды: өзін-өзі тану, өзін-өзі басқару, әлеуметтік сана, қарым-қатынас дағдылары және жауапты шешім қабылдау.

Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту тірек-қимыл аппараты бұзылыс бар балалар үшін өте маңызды. Бағдарлама балалардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін жақсартуға, өзін-өзі бағалауын арттыруға, өзіне деген сенімділікті күшейтуге және қоғамға тиімді бейімделуге ықпал етеді. Балалар өз эмоциаларын түсінуге, оны басқаруға, дұрыс қарым-қатынас құру мен әлеуметтік ортада әрекет етуге қажетті маңызды дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Кілт-сөздер: тірек-қимыл аппарат бұзылысы, церебральды сал ауруы, SEL-әлеуметтік-эмоционалды оқыту

Тірек-қимыл жүйесі - кеңістікте қозғалу мүмкіндігі мен ағзаның ішкі мүшелерінің қорғанысын қамтамасыз ететін, оған тірек бола алатын, ағзаға пішін беріп, қаңқа түзуші құрылымдар кешені құрайдын, адамның қозғалыс аппараты. Тірек-қимыл жүйесі 640 бұлшықеттен, 200-ден аса сүйектен (қаңқа), бірнеше жүздеген сіңірден тұратын өздігінен жұмыс атқаратын ағзадағы механизм. Тірек-қимыл жүйесінің өсуіне ішкі секреция жүйесіндегі гипофиз гормоны, соматотропин ықпал етеді.

Қимыл-қозғалыс белсенділігі, дегеніміз жоғары дамыған тірі материяның ерекшелігі ғана емес, тіршілікке қажетті жағдай. Адамның эволюциясындағы дамуы оның барлық мүшелері мен жүйелерінің қалыпты қызмет атқаруын тек белсенді қимыл-қозғалыс әрекеттері бар жағдайларда ғана мүмкін еткен. Кеңістікте қозғалып жүру, денені тік қалыпта ұстау, теңдікті сақтау қабілеттері адамның сүйек-ет жүйесінің қасиеттері мен қызметіне байланысты. Сүйек-ет жүйесіне, яғни тірек-қимыл аппаратына қаңқа мен бұлшықет жатады. Бұл ең маңызды тірек қимыл аппараты компоненттері. Сәйкесінше, осы құрылым бұзылыстары және жоғарғы жүйке жүйесіндегі қозғалысқа жауап беруші бөлім бұзылысы тірек-қимыл бұзысын тудырады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

«Тірек-қимыл аппартының бұзылуы» әртүрлі себептерден пайда болған, әртүрлі көрініс беретін қимыл-қозғалыс бұзылысы. Ендігі, жоғарыда айтылып кеткен «Тірек-қимыл аппараты» патологиясының келесі түрлерін ажыратайық:

1. Жүйке жуйесінің аурулары:
   - балалардыц церебральды параличі (сал);
   - полиомиелит;
2. Тірек-қимыл аппаратының туа біткен патологиясы :
   - туа біткен жамбастың шығуы;
   - қисық мойындык;
   - маймақ аяқтық;
   - табан деформациялары;
   - омыртқа дамуының кемістіктері
   - аяқ-қолдардың кеміс дамуы,
   - артрогрипоз (құбыжықтық).
3. Мидың, жұлынның және аяқ-қолдың аурулары мен зақымданулары:
   - полиартрит;
   - жұлынның және мидың жарақаттануы;
   - қаңқа аурулары (туберкулез, остеомиелит);
   - сүйек ісіктері
4. Қаңқаның жүйелі аурулары (хондродистрофия, рахит) [1].

Балалардың церебральды сал ауруы, тірек-қимыл аппартының бұзысының ең көп таралған түрі. Кейінгі жылда балалардың церебральды параличі немесе сал болуы (БЦП) нерв жүйесінің және тірек-қимыл бұзылуының көп таралған ауруларының бірі болып табылады. Орта есеппен 1000 жаңа туған нәрестенің 6-ында аталмыш бұзылыстың айқын белгілері байқалады.

БЦП-ның негізгі клиникалық белгілері: түрлі қимыл-қозғалыс кемістіктері, психикалық бұзылулар, тіл мүкістері және әлеуметтік дағды мәселелері.

БЦП-ның негізгі себептері: ананың жүктілігі кезінде немесе босану кезінде, немесе бала өмірінің алғашқы жылдарында әртүрлі әсерлері. Пренотальды кезеңде ұрыққа зиянды әсер ететін келесі факторларды атап көрсетуге болады:

-жүкті ананың инфекциялық аурулармен ауруы (вирустық жұқпалы аурулар, қызылша, токсоплазмоз);

-ананың жүрек-қан тамыр және эндокриндік жүйе аурулары;

-ана құрсағы кезіндегі, ұрықтың жарақаттанулары мен зақымданулары;

-ананың және баланың қанының резус-фактордың сәйкес келмеуі;

-физикалық факторлардың әсері (қызыну мен өте қатты тоңу, вибрацияның әсері, оның ішінде әртүрлі ультракүлгін сәулелер)

-экологияның жағымсыз әсері (ауаның, судың ластануы, азық-түліктегі нитраттардың, уландырғыш заттардың, радионуклидтедің, әртүрлі жасанды қоспалардың көп мөлшерде болуы) [2].

Е.М. Мастюкова, Семенова, Смуглина, И.И. Мамайчуктердің зерттеуі бойынша БЦП ауруымен ауыратын балалардың 70- тен 85 пайыз дейін сөйлеу қабілеті жоқ.

Л.М. Шипицинаның зерттеуі бойынша белгілі ми қабығының дамуына байланысты, баланың сөйлеу қабілеті дамымайды, сонымен қатар, ми қабырғаларының сөйлеу қабілетін байланысты функцияларының жетілмей қалуы, сөйлеу қабілетінің құрылымының бұзылуына, мидың деңгейлік зақымдылығына да байланысты.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Правдина, Винарская, Кириченко, Ипполитова, Калитнюк, Абромович- Лехтиан сияқты авторларлдың зерттеу жұмыстары бойынша, дыбыс жүйесі мен қозғалу жүйесінің арасында байланыс болады, оны қаңқасы мен беттің бұлшықеттерінен байқауға болады. Көбінесе тілдің нашарлауының ең жиі кездесетін түрі- дизатрия.

Дизартрия- сөйлеу аппаратының иннервациясының жеткіліксіздігінің салдарынан сөйлеу тілінің дыбыс айтуының бұзылуы. Дизартрияда негізгі кемістік дыбыс айту мен сөйлеу тілінің просодикалық жағының орталық және шеткі нерв жүйесінің органикалық зақымдалуына байланысты бұзылуы болып табылады. [3].

Және ең басты қарастыратын мәселеміз ол тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар балаларда қарым-қатынас дағдысы немесе коммуникация. Церебральды сал ауруы бар балалардың сау балалардан айырмашылығы байланыс функциясы біркелкі дамымайды. Церебральды сал ауруымен қарым-қатынастың себептері, формалары мен қажеттіліктері ең дамыған орында болса. Соңғы орынды байланыс құралдары алады.

Артикуляция мен қозғалыстарды үйлестірудің бұзылуы ересек адаммен қарым-қатынас процесіне теріс әсер етеді. Сонымен қоса эмоционалды жай-күйін білдіре алмау да қарым-қатынасқа да кері әсерін тигізеді. Ал мектеп жасына дейінгі церебральды сал ауруы өзін пассивті ұстайды және ересектермен ынтымақтастыққа онша құлшынысын танытпайды. Олар өз бастамаларымен қарым-қатынасқа ұмтылмайды, бірақ табандылықпен және қолдау арқылы байланыс орнатады. Ересек адамға жүгінген кезде балалар тәжірибе алмасады және мезгіл-мезгілімен ересек адамның қолдауы мен назарын іздейді.

Экспрессивті-мимикалық сөйлеуді, өте сирек қолданылады. Церебральды сал ауруымен ауыратын балалар қарым-қатынас процесіне қатысу үшін ересек адамның шақыруын қажет етеді. Олардың ойыншықтармен және заттармен әрекеттері жалғыз, ересектермен бірге әрекет етуге немесе оның әрекеттеріне еліктеуге деген ұмтылыс сирек кездеседі.

Балалар ересек адамға назар аудармайды, ойыншық немесе кез-келген жаңа әрекет оларды ересек адаммен байланысқа түсуден гөрі қызықтырады. Ойынды серіктес, қатарластарымен бөлісуге немесе оларға жүгінуге деген белсенді ұмтылыстары болмайды.

2020 жылға арналған Дүниежүзілік экономикалық форум 2025 жылға қарай сұранысқа ие болатын дағдылардың қатарына сыни ойлау, шығармашылық, эмоционалды интеллект, көшбасшылық, тез үйрену қабілеті жатады. Яғни әлеуметтік-социальды оқыту міндетті және актуальды тақырып болып табылады [4].

Ағылшын тілінен SEL әлеуметтік-эмоционалды оқытуды білдіреді (ағылш. social emotional learning). Оқытудың негізгі мақсаты:

- білім алушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту;
- оқушылардың өзін бағалайтынын сезінетін және өзін тұлға ретінде көрсете алатын эмоционалды жайлы орта құру;
- эмоциялар арқылы оқуға шабыттандыру және ынталандыру.

Академиялық, әлеуметтік және эмоционалды оқытуға арналған ынтымақтастық (CASEL) ұйымы оқушының әлеуметтік-эмоционалды оқыту процесінде дамытуы керек бес негізгі құзыреттілікті анықтайды:

- ✓ Өзін-өзі тану. Өзіңіздің эмоцияларыңызды, ойларыңыз бен құндылықтарыңызды және олардың әртүрлі контексттердегі мінез-құлыққа қалай әсер ететінін түсіну және талдау қабілеті.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

- ✓ Өзін-өзі бақылау. Әр түрлі жағдайларда эмоциялар мен ойларды басқара білу, сондай-ақ мақсатқа жету үшін оларды басқара білу.

- ✓ Әлеуметтік хабардарлық. Сіздің көзқарастарыңыз, мәдениетіңіз бен тәрбиеңіз бір-бірінен мүлдем өзгеше болса да, басқа адамды түсіну және оларға жанашырлық таныту қабілеті.

- ✓ Басқа адамдармен қарым-қатынас. Адамдармен тығыз, сау байланыс орнату және сақтау мүмкіндігі.

- ✓ Жауапты шешім қабылдау. Әр түрлі жағдайларда сындарлы шешімдер қабылдау және соған сәйкес әрекет ету қабілеті [5].

SEL барлық оқушылар арасында динамикалық және инклюзивті болуын қамтамасыз ету міндеттемесінен туындайды. Барлық оқушылар—нәсіліне, этникалық тегіне, отбасының табыс деңгейіне, оқу қабілетіне, ана тіліне, иммиграциялық мәртебесіне, гендерлік сәйкестігіне, жыныстық бағдарына және басқа факторларға қарамастан- өркендеу үшін қажетті дағдыларға, қарым-қатынастарға және қоршаған ортаға ие қауымдастықтарда болуға құқылы.

Әрбір бала әлеуметтік, эмоционалдық және академиялық дағдыларды, сондай-ақ қолдау көрсететін, мәдени тұрғыдан жауап беретін және қарым-қатынас пен қоғамдастық құруға лайықты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тебенова Қ.С., Рымханова А. Р. Арнайы психология: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 264 б.
2. Коррекционная педагогика: Основы обучения и воспитания детей с отклонениями в развитии: Учебное пособие Для студ. Сред. Пед. учеб. Заведений \Под. ред. Пузанова Б.П.\ М., 1998 г.
3. Архипова Е.Ф. Коррекционная работа с детьми с церебральным параличом (доречевой период)
4. https://casel.org/about-us/our-mission-work/
5. https://skillbox.ru/media/education/chto-takoe-sel/

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

КОММУНИКАЦИЯ КАК СОСТАВЛЯЮЩИЙ АСПЕКТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АРТ-МЕНЕДЖЕРА

Оспанова Карина Русланқызы
студентка 2 курса специальности «арт-менеджмент»
научный руководитель: PhD, доцент КунековаТ.М.
Казахский национальный университет искусств
Астана. Казахстан

Профессия арт-менеджера в Казахстане является относительно молодой, но при этом все более значимой в контексте развития творческих проектов и идей. В данной работе мы акцентируем внимание на коммуникацию как ключевом аспекте деятельности арт-менеджера, полагаясь в первую очередь, на зарубежные исследования. В своей работе мы обратимся к научным трудам Татьяны Николаевны Суминовой, доктора философских наук, профессора кафедры менеджмента социально-культурной деятельности Московского государственного университета культуры и искусств, которые помогут нам рассмотреть эффективные стратегии и техники коммуникации в данной области. Татьяна Николаевна Суминова является автором и разработчиком более 400 научных и учебно-методических работ в сфере «Арт-менеджмент». Кроме того, мы рассматриваем исследования Anne Ploin, доктора философских наук Оксфордского университета, которые посвящены искусственному интеллекту и его связи с творчеством. Ее работы показывают, как технологии могут улучшить творческие процессы и открыть новые возможности в арт-менеджменте, делая его более эффективным и вдохновляющим.

В основе успешной деятельности арт-менеджера лежит способность эффективно коммуницировать. Это включает не только вербальное общение, но и способность использовать невербальные средства — жесты, интонации и визуальные сигналы. Арт-менеджеры, как посредники и организаторы, обязаны учитывать специфику взаимодействия с разными участниками процесса, что требует тактичности и адаптивности. Т.Н. Суминова утверждает, что собственно понятие «арт-менеджер» объединяет таких «героев дня», как продюсеры, антрепренёры, импресарио, промоутеры, агенты, администраторы, арт-дилеры и т.д., то есть «коммерсантов от искусства»[1].

В контексте растущего значения сектора искусства и широкого влияния развития цифровых технологий, коммуникация как составляющий аспект становится особенно актуальной. В современном мире, где доступ к информации почти неограничен, умение профессионально коммуницировать и стратегически управлять коммуникациями становится важнейшей компетенцией для арт-менеджера. Современные инструменты, такие как искусственный интеллект и большие данные, дают возможность глубже анализировать предпочтения аудитории и выстраивать персонализированные стратегии взаимодействия. По словам исследователей из Оксфордского университета, искусственный интеллект способен помогать творческим деятелям выявлять скрытые закономерности в предпочтениях аудитории, что способствует более эффективному продвижению проектов. По словам доктора философских наук Anne Ploin «Главное послание заключается в том, что человеческое агентство в творческом процессе никогда не исчезает. Части творческого процесса могут быть автоматизированы интересными способами с помощью искусственного интеллекта, но творческое принятие решений, которое приводит к произведениям искусства, не может быть воспроизведено с помощью текущей технологии искусственного интеллекта». Как показывает практика, конечные решения по-прежнему остаются за человеком, что подчёркивает важность синергии между технологиями и творческим подходом.[2] Сетевые возможности и рекомендации

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ИИ может значительно улучшить процесс коммуникации на мероприятиях, помогая организаторам находить подходящие связи среди множества участников. ИИ анализирует профили участников, их цели и интересы, что позволяет рекомендовать наиболее перспективные знакомства, обеспечивая продуктивные и взаимовыгодные связи. Чат-боты и виртуальные ассистенты, использующие ИИ, становятся незаменимыми инструментами в индустрии управления мероприятиями. Эти системы помогают улучшить взаимодействие с участниками, предоставляя круглосуточную поддержку до, во время и после мероприятий. До начала события чат-боты могут помочь с регистрацией, предоставлять информацию о мероприятии и отвечать на часто задаваемые вопросы. Во время события они предоставляют поддержку в реальном времени, отвечая на вопросы и решая технические проблемы, что значительно повышает удовлетворенность участников. После мероприятия ИИ продолжает работать, собирая обратную связь и поддерживая контакт с участниками. [3]

Точное понимание и глубокий анализ роли коммуникации в деятельности арт-менеджера позволяют эффективно управлять проектами в области искусства, расширять аудиторию и укреплять позицию художников и культурных организаций в современном мире. Постиндустриальная эпоха развития социума требует обращения внимания на коммуникативную систему современной арт-индустрии и на составляющие её элементы. Заметим, что «в нашем понимании арт-индустрия представляет собой качественно-количественное состояние артосферы (от англ. art- искусство) - сферы искусства как сердцевины художественной культуры, в условиях рыночной экономики»[2]. Именно коммуникация способствует процессам культур генеза, в том числе культурной инновации, развитию креативного начала в авторе и потребителе информации по созданию и восприятию многочисленных художественных произведений. В семиотике культуры художественная деятельность рассматривается как коммуникация, в которой художник на определённом художественном языке (живописном, хореографическом, музыкальном и ином) транслирует конкретное сообщение потребителям, которым необходимо прочесть, понять и усвоить данный текст. В связи с этим подчеркнём, что только семиотический подход позволил рассматривать художественную деятельность как сложный и неоднозначный процесс, объединяющий три составляющие — автора, произведение и потребителя.

По исследованиям В.А.Устиновой -деловые переговоры в арт менеджменте соединяют в себе как основные методики, применяемые в бизнесе, так и специфические, присущие только сфере искусства. При проведении исследования было вычеслено, что существуют три основных стиля (метода) ведения переговоров: «деликатный», «жесткий» и «принципиальный». По мимо них существуют и другие, например: «состязание», «сотрудничество», «компромисс», «уклонение», «подстройка» и др. Но, в итоге, каждый из них, все же, основывается на каком-то одном (из трех основных) стилей. Согласно этой стратегии для исследования были выбраны эксперты (актеры, режиссеры, продюсеры и т.д.), которые обладают разным опытом работы с творческими людьми могут описать процесс управления этой категорией сотрудников с разных точек зрения. Вопросы были составлены на основе изучения стилей ведения деловых переговоров, а также на основе опыта российских арт-менеджеров в данной сфере. Эксперты с меньшим опытом и близкие к бизнес-сфере склонны использовать более жесткий стиль переговоров, сосредотачиваясь на результате, а не на отношениях сторон. Уступки для них — лишь инструмент для достижения целей. В их методах присутствуют элементы принципиального подхода, направленного на понимание интересов оппонента ради результата. Напротив, более опытные эксперты в арт-менеджменте придерживаются принципиального стиля: они решают саму проблему, избегая эмоциональной реакции,

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

предлагают варианты, выгодные обеим сторонам, и учитывают скрытые интересы за позициями.[4]. Во время деятельности происходят те же информационно-коммуникативные процессы: передача, обмен, создание, анализ, использование и хранение информации, информационное влияние субъекта на объект, которое инициирует определенные действия и т. п.

В основе успешной официальной коммуникации лежит ясность и точность выражения мыслей. Официальная коммуникация требует от нас профессионального подхода и использования специализированных терминов и словосочетаний. Осознание весомости каждого слова и щепетильное отношение к выбору лексики являются основополагающими моментами. Для улучшения официальной коммуникации необходимо уделить внимание языковому аспекту. Использование терминологии, принятой в рамках определенной области, позволяет передать информацию более точно и эффективно. При этом, необходимо избегать излишнего использования сложных терминов, которые могут затруднить понимание сообщения. Другим ключевым аспектом является умение адаптировать свой язык к аудитории. Официальные бумаги или выступления требуют использования формального языка, однако важно поддерживать баланс между официальностью и доступностью. Кроме того, для улучшения коммуникации существенную роль играет умение слушать и задавать вопросы. Арт-менеджер, в зависимости от должностных инструкций, может участвовать в организации или осуществлении маркетинговых исследований рынка для осознания значимости той или иной темы. Они занимаются созданием и продвижением художественных проектов, находят новые таланты и продвигают их на рынке искусства, а также формируют предпочтения и культурные ценности общества. Важно понимать, что менеджеры в сфере культуры и искусства должны обладать не только знаниями в области законодательства и финансов, но и пониманием особенностей творческого процесса. Они должны уметь взаимодействовать с художниками, не нарушая этических и эстетических норм, которые имеют ключевое значение в этой сфере, и обладать грамотностью и тактичностью в общении с представителями творческих профессий.

По мнению Т.Н Суминовой, коммуникация является неотъемлемой частью работы арт-менеджера в виртуальной реальности. Умение эффективно взаимодействовать с заказчиками, зрителями и другими участниками культурной сцены в онлайн-пространстве становится ключевым фактором успешной деятельности в индустрии искусства будущего. Сегодня многие ученые из разных областей занимаются изучением коммуникации как важного феномена. Они исследуют различные типы коммуникации (например, межличностную, научную, культурную, художественную), но все согласны, что коммуникация играет важную роль в развитии общества и цивилизации, поскольку позволяет передавать информацию, ощущения, знания и культурный опыт, а также влиять на взаимодействие в обществе и формирование культуры человека и мира в целом. Авторы учебника «Теория и практика социокультурного менеджмента» В. В. Чижиков и В.М. Чижиков справедливо обозначают достаточно широкое профессиональное назначение коммуникации арт-менеджера. [5].

«Связь является основным аспектом существования в индустрии и бизнесе искусства. Итак, сущность концепта арт-менеджмент связана не только с процессами управления в изобразительных видах искусства, но и со всеми иными (временными и пространственно-временными) видами искусства»[6]. На сегодня важно понимать, что менеджер, работающий в сфере культуры и искусства, то есть в творческой сфере, должен, кроме нормативно-правовой и финансово-экономической составляющей, знать и понимать специфику творческого процесса, уметь включиться в него, не нарушая этических и эстетических законов, которые являются ключевыми в сфере культуры и

искусства, а также грамотно и тактично взаимодействовать с представителями творческих профессий.

Практика подтверждает, что арт-менеджеры объединяют различных профессионалов, которые занимаются коммерческой деятельностью в сфере искусства. Они занимаются созданием и продвижением художественных проектов, находят новые таланты и продвигают их на рынке искусства, а также формируют предпочтения и культурные ценности общества.

Таким образом, современную индустрию искусства можно представить как сложную систему, включающую в себя тексты, проекты и продукты искусства, а также их создателей, менеджеров и зрителей. Деятельность арт-менеджеров помогает решать различные проблемы, такие как организационные, творческие, законодательные и финансово-экономические, что влияет на развитие индустрии искусства и экономику в целом, способствуя эффективному управлению культурной политикой.

Мы убедились, что коммуникация является неотъемлемой частью работы арт-менеджера, даже в условиях стремительно развивающихся технологий. Инновационные инструменты, такие как ИИ, позволяют улучшить процессы анализа и взаимодействия, но ключевая роль по прежнему остается за человеком, который управляет процессом и придает ему уникальность. Умение эффективно взаимодействовать с художниками, клиентами, зрителями и другими участниками культурной сцены становится ключевым фактором успешной деятельности в индустрии искусства будущего. Так как наша специальность в Казахстане еще довольно молодая, зарубежные научные исследования помогают нам взглянуть на нее с новой, более точной научной стороны. Опыт зарубежных исследователей эффективен и полезен, и мы адаптируем их достижения с учетом нашего местного менталитета и особенностей казахстанского искусства. Важно подчеркнуть, что мы не просто копируем зарубежные подходы, а применяем их с учетом специфики арт-менеджмента в Казахстане.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Суминова Т.Н. Арт-менеджер в коммуникативной системе современной арт-индустрии. - 2014.- №4. – электроный ресурс: https://cyberleninka.ru/article/n/art-menedzher-v-kommunikativnoy-sisteme-sovremennoy-art-industrii.
2. Anne Ploin. Art for our sake: artists cannot be replaced by machines – study//Вестник Oxford Internet Institute электронный ресурс https://www.ox.ac.uk/news/2022-03-03-art-our-sake-artists-cannot-be-replaced-machines-study
3. Abdul Hamid Abdul Halim. The Transformative Role of Artificial Intelligence in the Event Management Industry//Journal of International Business, Economics and Entrepreneurship - электронный ресурс: https://www.researchgate.net/publication/376128350_The_Transformative_Role_of_Artificial_Intelligence_in_the_Event_Management_Industry/fulltext/656a15d7ce88b8703127fc8a/The-Transformative-Role-of-Artificial-Intelligence-in-the-Event-Management-Industry.pdf
4. Устинова В.А. Особенности ведения деловых переговоров в арт-менеджменте//Вестник университета-электронный ресурс: https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-vedeniya-delovyh-peregovorov-v-art-menedzhmente
5. Чижиков В.М., Чижиков В.В. Теория и практика социокультурного менеджмента//методический учебник 2008-электронный ресурс: https://obuchalka.org/20210722134487/teoriya-i-praktika-sociokulturnogo-menedjmenta-chijikov-v-m-chijikov-v-v-2008.html

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

КОТЛЕТ ТАҒАМЫНЫҢ ТАҒАМДЫҚ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Бисенгалиева Айкоркем Амангелдиевна
Алматы Технологиялық университеті
6В07201 “Азық-түлік өнімдерінің технологиясы” мамандығы
4 курс студенті
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Өндіру технологиясын жетілдіру арқылы сиыр еті мен сұлы ұлпасын пайдалана отырып жасалған котлет тағамының тұтынушылық қасиетін жақсарту.

Кілт сөздер: Котлет,сұлы ұлпасы,ет өнімдері,сапа, дәстүрлі және емдәмдік котлеттер.

Адам қорегінің ішінде ет тағамдарының маңызы зор. Біздің күнделікті тамақтану рационымызға табиғи азық – түліктер кіруі керек, соның құрамында аса бағалысы – ет болып табылады. Ет құрамында экстрактивті заттар, май, су, минералды тұздар мен витаминдер сияқты организмге қажетті заттар болады. Адам организмінің өсуі мен қалыпты өмір сүруі үшін құнды ақуыздар өте қажет. Экстрактивті заттар еттен әзірленген тағамдарға ас қорыту сөлдерінің айтарлықтай бөлінуі және астың жақсы қорытылуы үшін дәм мен хош иіс береді.

Біздің елімізде халық қажетін өтеуге және ет өндіруді арттыруға баса назар аударылады. Республикамыздың фермалары мен шағын мал шаруашылығында және құс фабрикаларында жоғары сапалы ет өндіруді шұғыл арттыруға қажетті жағдайлар жеткілікті. Көптеген шаруашылықтарда мал мен құстардың жоғары өнімді тұқымдары, оларды жайып семіртетін едәуір мол жайылым бар. Бірсыпыра шаруашылықтарда бордақылау алаңы салынған, онда ересек мал бордақыланады. Мал етін өндіруді күрт арттыру үшін мал мен құстың тірідей салмағын және олардың құндылығын көтеру шарт. Ол үшін ең алдымен малды күтіп бағу мен азықтандыру жағдайын жақсартып, оларды үстеп азықтандыра отырып, жайып семіртуді ұйымдастыру қажет.

Еттің сапасын ұшаларды өңдеу технологиясының дұрыстығы, балғындылығы, морфологиялық және химиялық құрамы бойынша бағалайды. Ет балғындылығын органолептикалық жолмен және физико-химиялық және микробиологиялық зерттеу әдістерімен анықталады.

Органолептикалық түрде ет балғындылығын сыртқы түрі және түсі, иісі, консистенциясы, тері асты майының күйі, сіңір күйі, сорпасының мөлдірлігі мен ароматы бойынша анықтайды.

Берілген ғылыми жұмыста сұлы ұлпасы шикізатының адам ағзасына пайдалы қасиеттерін ескере отырып, ет жартылай фабрикаты негізінде алынған және сұлы ұлпасымен байытылған котлетті дайындау технологиясы ұсынылады.

Жұмыстың мақсаты – өндіру технологиясын жетілдіру арқылы сиыр еті мен сұлы ұлпасын пайдалана отырып жасалған котлет тағамының тұтынушылық қасиетін жақсарту.

Алдымызға қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер орындалды:

–Сиыр еті мен сұлы ұлпасы қолданылып дайындалған котлеттің жаңа түрлерін өндірудің рецептуралары алынды;

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

–Алынған котлеттің тағамдық, энергетикалық және биологиялық құндылығы зерттелді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

–Котлет рецептураларындағы құрам бөліктердің қатынасы анықталды.

– Алынған жаңа котлет түрлерін органолептикалық көрсеткіштері, тағамдық және биологиялық құндылығы анықталды.

Зерттеу нысандары

Котлет — еттен, балықтан, үй құстарының, сондай-ақ аң мен еті жете жарамды жабайы құстардың етінен, ет тартқыштан өткізіп, пияз қосып, қуырып, бұқтырып, су буына пісіретін тағам болып табылады. Котлеттер қоспасыз таза, жаншылған және туралған еттен жасалатын болып бөлінеді. Қоспасыз таза және жаншылған котлет даярлауға үшін мал ұшасының ең жұмсақ еті, сондай-ақ үй құсының және аң мен жабайы құстың төс еті қолайлы болып табылады. Туралған еттен котлет жасағанда ірі қара мен қойдың, шошқа ұшасының және құстың жілік етін пайдаланады.

Сұлы ұлпасымен байытылған сиыр етінен жасалған котлетті дайындау үшін қажетті негізгі шикізаттардың химиялық құрамы мен қасиетіне тоқталып кетейік.

Сиыр еті – қазақ халқы тамақтануында ерте кезден – ақ ерекше орын алады. Сиыр еті - мүйізді ірі қара малдан алынатын өнімдердің бірі болып табылатын бағалы тағамдық шикізат. Сіңімділігі 95% -ға дейін жететін сиыр етінің құрамындағы ақуыз пен майдың ара қатынасы адам тағамына қажетті аралықта (1:0,8) болып табылады (кесте – 1). Сиыр етінің шығымы мен сапасы малдың тұқымына, жасына, жынысына, бағып-күтілуіне және азықтандырылуына байланысты өзгереді.

Кесте – 1. Сиыр етінің химиялық құрамы мен құндылығы

Ет түрі	Су	Ақуыз	Май	Күл (зола)	Энергетикалық құндылығы	
					Ккал	кДж
Сиыр еті	67,7	18,9	12,4	1,0	187	782

Орташа есеппен ет құрамында : бұлшық ет тіні – 50 – 60%, май тіні – 3 – 20%, дәнекер тіні - 9 – 14%, сүйекті тіні – 15 – 22% болады.

Ет бұлшық ет, май, сіңір және сүйектерден тұрады. Қоректілігі жағынан ең құнды әрі жұмсақ бұлшық ет омыртқа, арқа, белдеме, жамбас тұстарында болады. Бұлшық еттерінде орта есеппен 73 – 77 % су, 18 – 21 % ақуыз, 1 – 3 % май, 1,7—2% экстракты азотты заттар, 0,9—1,2% экстракты азотсыз заттар, 0,8—1,0% минералдық тұздар, сонымен бірге Вр, В2, В6, РР және т.б. витаминдер болады.

Ет құрамындағы ақуыз. Ет - биологиялық құнды ақуыздардың көзі. Жеңіл сіңетін ақуыздардың негізгі бөлігі бұлшық ет тінінде жинақталған. Бұлшық ет ақуызында адам организміне қажетті амин қышқылдары түгелдей кездеседі. Экстракты заттар етке жағымды хош иіс беріп, ас қорыту бездерінің қызметін жақсартады. Бұлшық еттеріне қарағанда, сіңір тіндерінде қоректік заттар шамалы. Қоректілігі жағынан ең төмені — сүйек еттері болып табылады. Еттің калориялылығы еттердің май мөлшеріне байланысты. Қоректілігі және дәмдік сапасы бойынша, ең тәуірі бірінші категориядағы ет, онда ақуыз — 14—19%, май — 12 – 15%. Май мөлшері аз ет дәмсіз болады. Майдың өте көп болуы да еттің қоректілік, дәмдік сапасын төмендетеді. Егер май бұлшық еттерінде белгілі бір қатынаста болса, яғни май етпен қабаттасып бір ет, бір май болып орналасса, онда еттің дәмі мен сапасы жақсарады.

Еттің құрамындағы май мен көмірсу. Ет құрамындағы майлар ет өнімдерінің жоғары энергетикалық құндылығын негіздейді. Жануардың түріне байланысты еттегі май полиқанықкан май қышқылының құрамымен ажыратылады. Сиыр мен қой етіндегі

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

майлар баяу балқитын түрге жатады, ол оның құрамындағы толық құнды май қышқылдары – стеаринді және пальмитинді көп мөлшерлігіне байланысты. Сиыр еті мен қой етінің майының сіңімділігі – 80 – 88%.

Еттің көмірсулары гликогенмен көрсетілген, жануар крахмалы деп аталады. Етте оның мөлшері 0,6-0,8%, бұлшық ет тінінде гликоген бос және ақуыздармен байланысқан күйде болады. Күйлі малда арық малға қарағанда гликоген көбірек болады. Малды сойғаннан кейін гликоген негізінен сүт қышқылына дейін ыдырайды. Еттегі көмірсулар негізгі түрде бауырда (3 – 4%) көңіл аударылған, ал бұлшық ет құрамында 0,5 – 1,5% ғана құрайды.

Еттегі витаминдер.

Етте В тобындағы витаминдер, негізінен никотин қышқылы, холин , сондай-ақ тиамин, рибофлавин, пиродоксин, биотинин,парааминобензой қышқылы, фолий қышқылы бар (кесте – 2). Сиыр еті мен қой етіндегі витаминдерге оларға берілетін азықтың ықпалы жоқ. Оның себебі бұл малдардың үлкен қарындарының микроорганизмдері В тобындағы витаминдерді синтездейді, ал бұл витаминдер ұшаның басқа жерлерінде болмауы мүмкін. Егер азықта осы аталған витаминдер едәуір мөлшерде кездесетін болса, оларды үлкен қарынның микроорганизмдері пайдаланады.

Кесте – 2. Ет шикізаты құрамындағы витаминдер

Витаминнің аты	мг/100г мөлшерінде витамин
	1 дәрежелі сиыр еті
Витамин Е	0,62
Витамин B_1	0,06
Витамин B_2	0,16
Витамин B_3	0,48
Витамин B_6	0,38
Витамин B_{12}, м кг	3,13
Витамин (B_9), м кг	8,60

Ет құрамындағы минералды заттар. Жануар етінде фосфор (160 – 230м1г%) мен темірдің (1,3 – 3 мг%) сіңімділіктің негізгі көзі. Темірдің мөлшері жануар сою барысында қансыздандыру деңгейіне байланысты. Бұлшық ет тінінде 8 – 30мг% – кальций, 250 – 370мг% - калий және натрий, мырыш, мыс мөлшері бар (кесте – 3).

Кесте – 3. Еттің құрамындағы минералды заттар

Азық – түлік	Na	K	Ca	Mg	P	Fe
Сиыр еті	60	315	9	18	178	2,0

Сұлы ұлпасы. Сұлы ұлпасы – сұлы жармасын арнайы аппарат арқылы жалпайтып, кедір – бұдырлы немесе тегіс жапырақшалы болады.

Сұлы ұлпасы – адам организміндегі энергия деңгейін тез арада ауытқусыз ұстау, қан құрамындағы қантты нормалайды, полисахаридтер көзі, яғни көмірсулар көзі болып табылады. Сұлы ұлпасының құрамында : ақуыз – 12,3г, майлар – 6,0г, көмірсу – 68,0г, пайдалы ақуыз және май, құрамында қаныққан және қанықпаған май қышқылдары; тағамдық талшықтар; крахмал – өте көп көлемде (кесте – 4); витаминдер – РР, Е, В тобының, Н (кесте – 5); минералды заттар – калий, магний, фосфор, кальций, сера, хлор, натрий, марганец, темір, мырыш, йод, мыс, фтор, кобальт (кесте – 6) бар.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Кесте – 4. Сұлы ұлпасының тағамдық құндылығы

Қаныққан май қышқылы	Қанықпаған май қышқылы	Күл	Крахмал	Моно – және дисаридтер	Су	Тағамдық талшық
4,48г	1,4г	1,7г	60,1г	1,2г	12г	6г

Кесте – 5. Сұлы ұлпасының құрамындағы витаминдер

PP	H	E	B9	B6	B2	B1
4,6мг	20мг	1,6мг	23мг	0,24мг	0,1мг	0,45мг

Кесте – 6. Сұлы ұлпасының минералды заттар

Zn	Fe	S	P	K	Mg	Ca	Cl	Cu	F
3,1мг	3,6мг	88мг	328мг	330мг	129мг	52мг	73мг	450мкг	45мкг

Сұлы ұлпасы көптеген емдік қасиеттерге ие:
- жүйке жүйесінің бұзылуынан қорғайды;
- дипрессия мен әлсіздіктен қорғайды;
- қабынған теріні жұмсартады және емдейді;
- сұлы ұлпасының құрамында кремний көп болғандықтан туберкулездің дамуының алдын алады және туберкулез таяқшалары осының әсерінен әлсізденеді;
- жыныс мүшелерінің жұмысын ынталандырады;
- қан құрамындағы ортақ холестерин мөлшерін төмендетеді;
- қанттың кенеттен көтерілуін болдырмауға әсер етіп, қант диабетімен ауыратындарға көмектеседі;
- кейбір ауыр металдарды шығарады;
- сүйек және бұлшық ет тіндерін нығайтады және т.б.

Сұлы ұлпасының құрамындағы кальций мен фосфордың арқасында адам организміндегі сүйегі қатайып, тырнақ пен шаштың мықты болуына әсер етеді. Сұлы ұлпасының құрамындағы кальций мен магний бұлшық ет шаршауымен күреседі, сондықтан спортпен немесе ауыр қол еңбегімен шұғылданатын адамдарға ерекше пайдалы.

Емдәмдік котлет жасаудың технологиялық сұлбасы. Технологиялық процесс келесі операциялардан тұрады: шикізатты дайындау, тартылған етті дайындау, жартылай дайындалған өнімдерді формаға келтіру, сақтау және өнімді өткізу (сурет – 1).

Шикізатты дайындау. Котлетке арналған етті еттартқышта ұсақтайды. Сұлы ұлпасын суға бұқтырады. Тартылып ұнтақталған етті бұқтырылған сұлы ұлпасын қосып, еттартқыштан өткізеді.

Тартылған етті дайындау (кесте 7). Дайын шикізатты және рецептура бойынша қосылатын тұз, жұмыртқа, пияз салып мұқият араластыру (4 – 6 минут). Жартылай фабрикат көп көлемде болмаған жағдайда тартылған етті араластыру және қағу қолмен жасалады. Араласу барысында құрамы тартылған еттің барлық көлеміне біркелкі тарайды, жұмыртқа бұлшық ет ұлпасының бұзылған құрылымын және бұқтырылған сұлы ұлпасын байланыстырады.

Тартылған еттің құрылымы оның құрамына, ұсақталу дәрежесіне, ылғалдылығына, жұмыртқада ерітілетін табиғи және концентрлі заттарға, тартылған ет компоненттерінің

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

жұмыртқалы жабысқақтық қасиеті және дисперсиялық бөліктер арасындағы байланыстың беріктігіне тәуелді.

Тартылған ет құрамына сұлы ұлпасы және т.б. крахмалды (жармалар, крахмал және т.б.), ақуызды (жұмыртқа, оқшауланған ақуыз және т.б.) азық – түліктер сулы байланыс ерекшелігін жоғарылатады. Сондықтан тартылған ет дайындау барысында қосатын жұмыртқаның мөлшері шикі тартылған ет жақсы қалыптасу керек және дайын өнім нәзік және шырынды болуы керек.

Кесте – 7. Емдәмдік котлет үлгілерінің технологиялық картасы

	Сиыр еті	Сұлы ұлпасы	Пияз	Жұмыртқа	Кепкен нан	Жартылай фабрикат массасы	Қуырылған котлет массасы
Емдәмдік котлет №1							
Брутто	76	10	10	7-9	8	-	-
Нетто	56	10	10	7-9	8	91	70
Емдәмдік котлет №2							
Брутто	76	15	10	7-9	8	-	-
Нетто	56	15	10	7-9	8	96	75
Емдәмдік котлет №3							
Брутто	76	20	10	7-9	8	-	-
Нетто	56	20	10	7-9	8	101	80




Сурет – 1. Емдәмдік котлет құрамындағы шикізаттар

Жартылай фабрикатты формаға келтіру. Дайын тартылған етті мөлшерлейді, формаға келтіреді және қолмен ұсақталған кепкен нанмен панерлейді. Қолмен дайындалған жартылай фабрикаттар сопақша – жалпақтау формалы болып келеді.

Дайын жартылай фабрикаттар маймен қыздырылған табаға салып, екі жағынан қуырып, дайын болғанша қуыру шкафында болады.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



Сурет – 2. Емдәмдік котлетті дайындау технологиясының сұлбасы

Зерттеу нәтижелері

Котлеттердің энергетикалық, тағамдық және биологиялық құндылығын зерттеу. Ет және ет өнімдерінің сапасын, тағамдық құндылығын, қасиетін, сақтау кезіндегі тұрақты жағдайын білу үшін, оның құрамындағы май, ақуыз және көмірсу мөлшерін, энергетиалық құндылығын анықтаймыз(кесте 8).

Тағамдық құндылық - өнімнің барлық пайдалы қасиеттерін, яғни энергетикалық, биологиялық, физиологиялық, органолептикалық құндылығын, сіңімділігін, сапалылығын сипаттайтын күрделі қасиет.

Энергетикалық құндылық немесе калориялық – адам организмінің тамақтану барысында ас қорыту процесі толық қорытылған жағдайда бөлінетін энергия мөлшері. Өнімнің энергетикалық құндылығы оның құрамындағы май, ақуыз, көмірсу мөлшерімен анықталады. Тамақ өнімдерінің энергетикалық құндылығы 100 г шаққанда килоджоульмен (кДж) немесе килокалориймен (ккал) өрнектеледі.

Кесте – 8. Дәстүрлі және емдәмдік котлеттер үлгілерінің энергетикалық құндылығы

Ет жартылай фабрикатының аты	**Тағамдық зат мөлшері, 100г/г**			
	Ақуыз	**Май**	**Көмірсу**	**Энергетикалық құндылық**
Дәстүрлі котлет	23,05	21,83	13,86	344,1
Емдәмдік котлет №1	15,95	14,02	13,82	245,3
Емдәмдік котлет №2	16,45	14,32	17,26	263,7
Емдәмдік котлет №3	16,95	14,62	20,66	282,0

Дәстүрлі котлетке қарағанда емдәмдік котлет үлгілерінің ақуыз, май, көмірсу мөлшері төмен болды, осыған сәйкес энергетикалық құндылығы да төмендеді.

Биологиялық құндылық - өнімде биологиялық активті заттар мөлшерімен сипатталады: алмастырылмайтын амин қышқылдары, витаминдер, макро- және микроэлементтер (кесте 9), алмастырылмайтын полиқанықпаған май қышқылдары.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Кесте – 9. Дәстүрлі және емдәмдік котлеттер үлгілерінің құрамындағы витаминдер мен минералды зат мөлшері

Ет жартылай фабрикатының аты	**Витаминдер мг/100г**		**Минералды заттар мг/100г**	
	B_1	**B_2**	**К**	**Р**
Дәстүрлі котлет	1,27	0,034	1,26	1,09
Емдәмдік котлет №1	1,62	0,039	7,14	6,07
Емдәмдік котлет №2	2,03	0,038	8,96	7,80

Ет жартылай фабрикаттарының дәстүрлі котлет витаминдері мен минералды заттарының мөлшері жаңа емдәмдік котлетпен салыстырғанда едәуір жоғары дәрежеде кеміген.

Дәстүрлі котлет құрамындағы B_1 витаминінің мөлшері емдәмдік котлет №1 0,35мг – ға, ал емдәмдік котлет №2 0,76мг – ға өскен. Бұл витамин жүктілік кезінде, емизетін аналарда, асқазан – ішек жолы ауруларында, өткір және ұзақ мерзімді инфекцияларда, операциялардан кейін, күйіп қалғанда, қант диабетінде, кез – келген ауруларды антибиотиктермен емдегенде қажеттілігі арта түседі.

Дәстүрлі котлет құрамындағыB_2 витаминінің мөлшері емдәмдік котлет №1 0,005мг – ға, ал емдәмдік котлет №2 0,004мг – ға өскен. Бұл витамин организмге энергияның жиналуына көмектеседі, сонымен қатар организмнің өсуіне ықпал етеді, көмірсу алмасуына, тотығу – тотықсыздану процесстерге қатысады.

Ет жартылай фабрикаттың құрамындағы минералды заттарға келетін болсақ, дәстүрлі котлет құрамында калий мөлшері емдәмдік котлет №1 5,88мг – ға, ал емдәмдік котлет №2 7,7мг – ға өскен. Организмде калий мөлшерінің азаюы бұлшықтар әлсіздігіне, ұйқышылдыққа, тәбеттің төмендеуіне және аритмия туындануына алып келеді.

Дәстүрлі котлет құрамындағы фосфор мөлшері емдәмдік котлет №1 4,98мг – ға, ал емдәмдік котлет №2 6,71мг – ға өскен. Фосфор қосылыстары ми қызметінде, қаңқа және бұлшық ет, тер бездері қызметінде маңызды орын алады.

Дәстүрлі және емдәмдік котлеттер үлгілерінің құрамындағы витаминдер мен минералды зат мөлшеріАзық – түлік өнімдерінің сапасын бағалау және қауіпсіздігі бойынша ғылыми – зерттеу зертханасында анықталды.

Котлеттерді органолептикалық бағалау. Органолептикалық бағалау кезінде тағам сапасын бағалауда ұнамдылық жүйесін немесе баллды бағалау қолданылады. Ұнамдылық жүйесінде бағалау тұтынушылар сипаттамасы шкалалар, ұнату принципінің сапасына байланысты («өте қатты ұнайды», «ұнайды», «ұнамайды», «өте қатты ұнамайды») арқылы бағаланады.

Баллды бағалау өнімнің сапасын мөлшерлі анықтауға мүмкіндік береді. Ет өнеркәсібінде көбінесе 5-, 9- және 30- баллдық жүйе қолданылады, олар сапаның әрбір көрсеткішінен шыққан ақауларға максималды бағалап, егер өнім көрсеткіші төмен болса минималды балл қойылады, ол сапасыз болып табылады.

Ет және ет өнімдеріне органолептикалық бағалауға аса ыңғайлы болып 5 – баллды шкала: сыртқы түрі, кесектегі түсі, ароматы, дәмі, консистенциясы(нәзіктік, қаттылық, шырындылық) болып табылады (кесте–10).

Кесте – 10. Дәстүрлі және емдәмдік котлеттер үлгілерінің органолептикалық бағалау

Көрсеткіштер аты	Бақылау үлгісі	Емдәмдік котлет №1	Емдәмдік котлет №2	Емдәмдік котлет №3
Сыртқы түрі	4,8	4,6	4,8	4,0
Иісі	5,0	4,9	4,9	4,9
Түсі	5,0	4,8	5,0	4,8
Консистенциясы	4,8	5,0	5,0	4,6
Дәмі	4,9	4,8	5,0	5,0
Жалпы бағасы	24,5	24,1	24,7	23,3

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Қорытынды

1. Алдымызға қойылған мақсаттарға жету үшін сиыр еті мен сұлы ұлпасын пайдалана отырып котлет тағамының жаңа рецептуралары алынды. Олардың химиялық құрамы адам организмі үшін өте құнды.

2. Котлет тағамы түрлерінің минералдық құрамы сандық және сапалық жағынан өте бай екені анықталды. Фосфор мен калий мөлшері емдәмдік котлет №2 - де дәстүрлі котлетпен салыстырғанда әлдеқайда жоғары.

3. Зерттелген жаңа котлет түрлерінде B_1 және B_2 витаминдерінің болуы ет жартылай фабрикатының биологиялық құндылығының жоғары екенін көрсетеді.

4. Котлет түрлерінің органолептикалық қасиеттері өте жоғары. Котлеттің сыртқы түрі, түсі, иісі, дәмі жағымды және тартымды болды.

5. Котлет түрлерінің энергетикалық құндылығы белгілі коэфициентпен тағамдық құндылық арқылы есептеліп, анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша жаңа котлет түрлерінің дәстүрлі котлетке қарағанда энергетикалық құндылығы төмен болды.

6. Сұлы ұлпасы шикізатының қасиетіне байланысты, оның негізінде алынған котлет әртүрлі қауіпті аурулардың, мысалы жүйке жүйесінің бұзылуы, туберкулездің дамуының алдын алу және туберкулез таяқшалары осының әсерінен әлсіздендіру, қан құрамындағы ортақ холестерин мөлшерін төмендету, кейбір ауыр металдарды шығару, қанттың кенеттен көтерілуін болдырмауда пайдалануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Күзембаева Г., Күзембаев Қ., Таева А.М./ Қоғамдық тамақтандыру өнімдерінің технологиялары/ Астана, 2018ж -324бет.

2. Төлеуов Е.Т., Әмірханов Қ.Ж., Хаймулдинова А.К./ «Ет және ет өнімдерінің технологиясы» пәніне арналған оқу құралы/ Семей: Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, 2004ж.

3. Узаков Я.М./ «Переработка мяса и производство мясопродуктов по технолгии «халяль»» учебное пособие/2008-168с

4. Лисицин А.Б.. Липатов Н.Н., Кудряшов Л.С., Алексахина В.А., Чернуха И.М., /«Теория и практика переработки мяса»/ под общей ред. Академика РАСХН.А.Б. Лисицына. – 2 – е изд. – М.: эдиториал сервис, 2008-308с.

5. Күзембаева Г., Күзембаев Қ., Құлажанов Т./ «Азық – түлік өнімдерін тану»/ Алматы, 2006ж – 358б.

6. Безуглова А.В., Касьянов Г.И., Палагина И.А. /Технология производства паштетов и фаршей: Учебно практическое пособие/ Изд.2 – е, перераб. И доп. – Москва: ИКЦ «МарТ», Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2004. – 304 с. (Серия «Технологии пищевых производств»)

7. Кузнецова Н.В., Ройтенберг И.Г., Сырникова Т.В., Анохина Ю.В./ «Котлеты и К»/ ООО «Издательский дом «Аркаим», 2010-94с

8. Лагутина Л.А., Лагутина С.В./ «Котлеты»/ кулинарная школа Лагутиных – 2004 – 205

9. Потапова Н.В./ «Котлеты»/ 2013г – 47с

10. Безуглова А.В., Касьянов Г.И., Палагина И.А./ «Технология производства паштетов и фаршей»/ 2004г – 295

11. Випникова Л.Г./ «Технология мяса и мясных продуктов» учебник/2006г – 599бет

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ӘРТАРАПТАНДЫРУ: ТӘУЕЛДІЛІКТІ ТӨМЕНДЕТУ ЖӘНЕ ЖАҢА ӨСІМ НҮКТЕЛЕРІН ҚҰРУ

Садуов Асылан Мақсатұлы
3 курс студенті оқыту бағыты 6В11301Логистика
«Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті»
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстан Республикасының экономикасын әртараптандырудың маңызы талданады. Елдің мұнай-газ секторына тәуелділігін азайтып, экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында басқа салаларды дамыту қажеттігі қарастырылады. Зерттеу барысында ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, туризм, IT және жасыл экономика сияқты салалардың әлеуеті талқыланады. Сонымен қатар, әртараптандыруды іс жүзіне асырудың тиімді әдістері ұсынылып, автордың жеке идеялары қарастырылады.

Кілт сөздер: Қазақстан экономикасы, әртараптандыру, мұнай-газ секторына тәуелділік, инвестициялар, ауыл шаруашылығы, IT, туризм, өңдеу өнеркәсібі, жасыл экономика, экономикалық даму.

Кіріспе. Қазақстан экономикасы қазіргі таңда негізінен мұнай-газ секторына тәуелді. Бұл жағдай елдің экономикалық тұрақтылығы мен ұзақ мерзімді даму перспективаларына қауіп төндіреді. Мұнай-газ экспортынан түскен табыстардың шектеулі болуына және сыртқы нарықтағы өзгерістерге байланысты еліміздің экономикасы сын-қатерлерге тап болуы мүмкін. Осыған орай, экономиканы әртараптандыру, елдің тәуелділігін төмендету және басқа салаларды дамыту қажеттілігі туындап отыр. Бұл зерттеу Қазақстан экономикасын әртараптандырудың маңыздылығын және оның жүзеге асырылу жолдарын талдауды мақсат етеді.

Зерттеу мақсаты – Қазақстан экономикасын әртараптандырудың қажеттілігін, мұнай-газ секторынан тәуелділігін азайту жолдарын қарастырып, нақты ұсыныстар ұсыну. Бұл арқылы экономикадағы тұрақтылықты қамтамасыз ету және жаңа өсім нүктелерін дамыту көзделеді.

Жұмыс тапсырмалары:

1) Қазақстан экономикасының мұнай-газ секторына тәуелділігін зерттеу.
2) Экономиканы әртараптандырудың әлемдік тәжірибесін қарастыру.
3) Шығындарды оңтайландыру және мұнай-газ табыстарын басқару әдістерін талдау.
4) Инвестицияларды қайта бағыттау және жаңа салаларды дамыту бойынша ұсыныстар жасау.
5) IT, ауыл шаруашылығы, туризм, өңдеу өнеркәсібі және жасыл экономика салаларында экономиканы әртараптандыру мүмкіндіктерін зерттеу.

Мәселенің өзектілігі: Қазақстан экономикасының мұнай-газ секторына тәуелділігі туралы статистика мен шолу. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының эканомикалық өсу тұрақтылығы, онымен қоса жоспарланып жатқан ЖІӨ-нің өсімін 6%-ға дейін жеткізу мақсаты қуантады, бірақта шынайы көрсеткіштер мен эканомиканың көп бөлігі тек мұнай-газ секторына тәуелденіп бара жатқаны ішті күйдіріп, ойландырады. Бұл мәселе жақын болашақта үлкен қауіптерге алып келу мүмкіндігі өте жоғары болып

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

табылады. Себебі толық тәуелділікке жеткен жағдайдағы мәселе тек ел экономикасына ғана емес, онымен қоса әлеуметтік, саяси және экалогиялық қауіптерді төндіреді.

Қазақстан экономикасын әртараптандыру мәселесі — қазіргі уақытта өзекті және стратегиялық маңызды тақырып. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы Жолдауында бұл бағыт басымдықтардың бірі ретінде белгіленді. Ол өңдеу өнеркәсібін дамыту, инвестициялар тарту және экономиканың құрылымын жаңарту қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, елдің халықаралық резервтері 100 миллиард доллардан асып, инфляцияның төмендеуіне қол жеткізілгені айтылды. Бұл тұрақтылық жағдайында экономиканы әртараптандыруға бағытталған жаңа инвестициялық кезеңді бастау қажет деп көрсетілді.

Қаншалықты мұнайға тәуелді.

2023 жылы Қазақстанның ЖІӨ-сіндегі мұнай-газ секторының жалпы қосылған құн үлесі 16,2%-ды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда (19,5%) 3,3 пайыздық тармаққа аз. Сонымен қатар, абсолютті сандар бойынша мұнай-газ саласы 8,3%-ға өсіп, 42,4 млрд АҚШ долларына жетті, деп хабарлады ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Алғашқы сектордың (шикі мұнай мен табиғи газ өндіру, сондай-ақ тау-кен өнеркәсібіндегі техникалық қызметтер) үлесі жылдық есептеуде 2,2 пайыздық тармаққа қысқарып, ЖІӨ-нің 9,1%-ын құрады. Алайда, ақшалай көрсеткіште бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 6,3%-ға өсіп, 22,9 млрд АҚШ долларына жетті.

Екінші сектордың үлесі (мұнай өңдеу және мұнай құбырларын салу) Қазақстан экономикасының 1%-ын немесе 2,4 млрд АҚШ долларын құрайды. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 0,2 пайыздық тармаққа төмендегенімен, абсолютті сандар бойынша 3,4%-ға өскен.

Үшінші сектордың (мұнай өңдеу өнімдерін сату және көлік қызметтері) үлесі ЖІӨ-нің 6,1%-ын құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 0,9 пайыздық тармаққа аз және абсолютті түрде 12,6%-ға артық.

2023 жылы елдің мұнай-газдан тыс секторындағы жалпы қосылған құн ЖІӨ-нің 76,4%-ын құрап, бір жыл ішінде 2 пайыздық тармаққа өсті. Ақшалай түрде көрсеткіш 3,9%-ға өсіп, 191,3 млрд АҚШ долларына жетті. Жалпы алғанда, мұнай-газ және мұнай-газдан тыс секторлар ЖІӨ-нің 90,8%-ын құрайды. Қалған 9,2% қандай салаларға тиесілі екендігі нақты емес [1].

Мұнай-газ секторындағы тәуекелдер

Мұнай – Қазақстан экономикасының негізгі тірегі әрі маңызды стратегиялық ресурсы. Елдің экспорттық кірісінің жартысынан астамы осы саламен байланысты болғандықтан, мұнай бағасының жаһандық өзгерісі Қазақстанның экономикалық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Әлемдік нарықтағы бағаның көтерілуі экономикалық өсімді жеделдетіп, мемлекеттік бюджетті нығайтады, ал құлдырауы керісінше – экономикалық дағдарысқа, инфляцияның өсуіне және әлеуметтік бағдарламалардың қысқаруына әкелуі мүмкін.

Мұнай бағасының өзгеруі Қазақстан экономикасына айтарлықтай әсер етеді, себебі мұнай секторы елдің ЖІӨ, бюджет түсімдері және инфляция деңгейінде маңызды рөл атқарады. Бұл әсерлерді нақтырақ талдайық:

1. Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ):

- Мұнай бағасы көтерілгенде, мұнай экспортынан түсетін табыс артып, ЖІӨ өседі. Бұл әсіресе Қазақстан сияқты мұнай экспортына тәуелді елдерде маңызды.
- Бағаның төмендеуі ЖІӨ-ге кері әсер етеді, себебі экспорттық табыстар азаяды және бұл мұнай өндіру мен тасымалдау секторындағы белсенділікті төмендетеді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



Графикте көріп тұрғанымыздай, мұнай бағасы мен ЖІӨ-нің өсу қарқыны әрдайым бір-бірінен қалыспай, көбінесе бір бағыттағы қозғалыста жылжыйды. Мұнай бағасының өсімі өз артынан ЖІӨ-нің өсу қарқынының ұлғаюына, ал бағаның төмендеуі өсу қарқынын баяулатады. Бұл график арқылы мұнай бағасының өзгерісін нақты ЖІӨ-нің өсу қарқынымен корреляция деңгейін айқын көрсетеді.


Мұнай бағасының өсуі ЖІӨ өсімін жеделдетеді. Мысалы, 2021 жылы мұнай бағасы барреліне $70-тен жоғары болған кезеңде, Қазақстанның ЖІӨ өсу қарқыны жылына -2,6дан 4,1%-ға жеткен. Бұл мұнай экспортынан түскен табыстың артуына және мұнай секторына байланысты басқа салалардың дамуына байланысты болды.

Мұнай бағасының төмендеуі ЖІӨ қарқынын баяулатады. 2020 жылы мұнай бағасының $42,3 деңгейіне құлдырауы кезінде Қазақстанның ЖІӨ өсу қарқыны төмендеді, тіпті -2,6%-ға дейін құлдырау тіркелді. Бұл мұнай экспортынан түсетін кірістің азаюына және экономикадағы жалпы белсенділіктің төмендеуіне байланысты болды.

График мұнай бағасы мен ЖІӨ өсімінің қозғалысы көбінесе бір-біріне параллель екенін дәлелдейді. Бұл байланыс Қазақстан экономикасының мұнай секторына қатты тәуелді екенін айқын көрсетеді, сондықтан экономиканы әртараптандыру – елдің ұзақ мерзімді тұрақтылығы үшін маңызды қадам.

2. Бюджет түсімі:

- Мемлекеттік бюджетке мұнай секторынан тікелей салықтар, роялти және дивидендтер түрінде қомақты кіріс түседі. Мұнай бағасы жоғары болғанда, бұл кірістер артады.
- Бағаның төмендеуі бюджет тапшылығына әкелуі мүмкін, бұл әлеуметтік шығындарды қысқартуға немесе сыртқы қарыз алуға мәжбүр етеді.



ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Мұнайға тәуелділіктің негізгі белгілері:

- Бюджет кірістерінің үлесі:

Мұнай секторынан түсетін кірістер мемлекеттік бюджеттің жалпы кірістерінің 40-45%-ын құрайды. Мұнай бағасы жоғары болған кезде бұл үлес артады, ал бағасы төмендегенде күрт азаяды.

- Ұлттық қордың рөлі:

Мұнай экспортынан түскен кірістердің айтарлықтай бөлігі Ұлттық қорға аударылады. Қордың негізгі міндеті – мұнай бағасының тұрақсыздығына байланысты бюджет шығындарының тұрақтылығын қамтамасыз ету. Мұнай бағасы төмендегенде, қордан аударылатын трансферттердің көлемі ұлғаяды.

- Бағаның бюджетті жоспарлаудағы рөлі:

Жыл сайынғы бюджетті жоспарлау кезінде мұнайдың болжамды бағасы басты индикатор ретінде қолданылады. Егер бұл баға күтілгеннен төмен болса, бюджет тапшылығы артады.

- Экономиканың құрылымдық тәуелділігі:

Қазақстанның мұнайдан тыс секторларының дамуы жеткіліксіз болғандықтан, мемлекеттік кірістердің тұрақтылығы мұнай бағасына тәуелді болып қала береді. Мұнай бағасы төмендесе, бюджеттің кіріс бөлігін толтыру үшін шығындарды қысқарту немесе сыртқы қарыз алуға мәжбүр боламыз.

Мұнай бағасының өзгерісі Қазақстанның мемлекеттік бюджетіне тікелей әсер етеді. Мұнай бағасы төмендеген жағдайда бюджетке түсім азайып, ал баға өскен кезде бюджет кірістері артады. Бұл байланыс елдің мұнай кірістеріне жоғары тәуелділігін айқын көрсетеді.

Баға төмендегенде:

Мұнай бағасы құлдырағанда экспорттық кіріс қысқарады. Бұл жер қойнауын пайдаланушылардан, экспорттық баждардан және корпоративтік табыс салығынан түсетін бюджет кірістерінің айтарлықтай төмендеуіне әкеледі.

2020 жылы мұнай бағасы пандемия салдарынан құлдырағанда, Қазақстан бюджетінің тапшылығы 3%-дан астам деңгейге жетті.

Баға өскенде:

Мұнай бағасының жоғарылауы экспорттық кірістер мен салықтық түсімдерді көбейтеді, бұл бюджеттің кіріс бөлігін нығайтады.

2022 жылы мұнай бағасы $100/баррельден асқанда, мұнайдан түсетін кірістердің өсуі бюджеттің профицитті болуына ықпал етті.

Бағаның өсуі бюджеттің әлеуметтік шығындарын көбейтуге, инвестициялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл елдің экономикалық өсуіне серпін береді.

Қазақстанның мемлекеттік бюджеті мұнай секторынан түсетін кірістерге айтарлықтай тәуелді, сондықтан мұнай бағасының өзгерісі бюджеттің кіріс бөлігін анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Графикте байқап тұрғандай мұнай бағасының өзгерісі тікелей бюджет түсімдеріне әсер етіп тұр, дегенмен, 2018-2019 жылдардағы жағдайлар мұнай бағасы мен бюджет түсімдерінің арасындағы тікелей байланысқа кейбір ерекшеліктердің әсері бар екенін көрсетеді.

2018-2019 жылдар:

Бұл кезеңде мұнай бағасы біршама тұрақты болды (барреліне $60-70), бірақ бюджет түсімдері өсті. Себептері:

Мұнай өндірісінің ұлғаюы: Қазақстан мұнай экспортын арттырды, әсіресе Теңіз және Қашаған сияқты ірі кен орындарының толық қуатта жұмыс істеуі есебінен.


ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Ұлттық қордан трансферттер: Осы жылдары бюджетке қосымша қаржыландыру үшін Ұлттық қордан жыл сайын шамамен 3-4 трлн теңге аударылып отырды. Бұл мұнай бағасының төмендеуіне қарамастан әлеуметтік шығындарды жабуға мүмкіндік берді.

Экспорттық салықтардың өсуі: Мұнайға байланысты экспорттық баж салығының қайта қаралуы бюджеттің кіріс бөлігін нығайтты.

3. Инфляция:

- Мұнай бағасының көтерілуі жанармай және энергетика бағасын арттырып, өндіріс шығындарын ұлғайтады, бұл инфляцияның өсуіне әкеледі.
- Мұнай бағасының өзгерісі экспорт көлеміне әсер етіп, экспорт көлемі ел ішіндегі ақша айналымына әсер етіп, инфляцияның өзгерісіне септігін тигізеді.



Мұнай бағасының экспортына әсері

Мұнай бағасы Қазақстанның экспорт көлеміне және құрылымына тікелей әсер етеді. Мұнай – Қазақстанның негізгі экспорттық өнімі болғандықтан, әлемдік нарықтағы бағаның өзгерісі елдің экспорттық табысының деңгейін анықтайды.

Мұнай бағасы өскенде*:*

Экспорт көлемі өзгермесе де, жоғары баға экспорттық кірісті арттырады. Бұл елдің сыртқы сауда теңгерімін жақсартып, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Мысал: 2022 жылы мұнай бағасының $100/баррельден жоғары болуы экспорттық табыстың өсуіне және жалпы экономиканың тұрақтылығына ықпал етті.

Мұнай бағасы төмендегенде:

Экспорттық кіріс қысқарады, ал кей жағдайларда мұнай өндіруші компаниялар өндірісті азайтуға мәжбүр болады, себебі төмен баға шығындарды жаба алмайды.

Экспорт көлемінің инфляцияға әсері

Экспорт көлемі мен инфляция арасында кері корреляция байқалады:

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Экспорт өскенде: Экспорттық кірістердің артуы ұлттық валютаға деген сұранысты арттырады, бұл теңгенің нығаюына себеп болады. Нәтижесінде импорттық тауарлар арзандайды, инфляция деңгейі төмендейді.

2018-2019 жылдары мұнай экспортының көлемі артқан кезде инфляция орта есеппен 5-6% деңгейінде ұсталды.

Экспорт азайғанда: Экспорттық кірістердің қысқаруы ұлттық валютаның құнсыздануына әкеледі. Бұл импорттық тауарлардың қымбаттауына және инфляцияның өсуіне себеп болады.

2020 жылы пандемия салдарынан мұнай экспорты азайғанда, инфляция 7,5%-ға дейін өсті.

Бұл үрдістің себептері:

Ұлттық валютаның тұрақтылығы:

Мұнай экспорты ұлттық валютаға валюталық түсімдер әкеледі. Экспорт көлемі азайса, теңге құнсызданады, бұл импорттық тауарлар мен қызметтердің қымбаттауына ықпал етеді.

Импортқа тәуелділік:

Қазақстан экономикасы импорттық тауарларға тәуелді. Теңгенің құнсыздануы азық-түлік, техника және дәрі-дәрмек сияқты негізгі тауарлардың қымбаттауына алып келеді.

Жергілікті өндірістің әлсіздігі:

Экспорттан түскен кірістер азайғанда, ел ішіндегі өндірісті дамытуға қаржы жетіспей, бұл инфляцияның өсуіне жанама түрде әсер етеді.

Геосаяси тәуекелдер: санкциялар, сауда соғыстары және әлемдік экономика

Геосаяси тәуекелдер әлемдік экономиканың тұрақтылығына елеулі ықпал етеді, әсіресе шағын және орташа экономикалы елдер үшін. Қазақстан да осы геосаяси тәуекелдерге бейім болып, олардың экономикалық дамуға тигізетін әсерін сезінеді. Санкциялар, сауда соғыстары және әлемдік экономиканың ахуалы – осы тәуекелдердің ең негізгі түрлері болып табылады.

1. Санкциялар

Санкциялар – елдердің немесе ұйымдардың саяси және экономикалық шешімдеріне әсер ету үшін қолданылатын құралдар. Қазақстан мұнай мен табиғи ресурстарды экспорттаушы ел ретінде санкциялардың ықпалына тікелей ұшырауы мүмкін.

Мұнай мен газдың экспортына әсері: Санкциялар Қазақстанның негізгі сауда серіктестері болып табылатын елдерге қатысты енгізілген жағдайда, елдің экспорттық нарықтарына әсер етуі мүмкін. Мысалы, Ресейге және Қытайға бағытталған санкциялар Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін шектеп, экспорт көлемін азайтады [2].

Қаржы жүйесіне ықпалы: Санкциялар қаржы нарығына да әсер етеді. Егер шетелдік банктер мен инвесторлар Қазақстан нарығына шығудан бас тартса, ұлттық валюта құнсызданады және сыртқы қарыздарды төлеу қиындауы мүмкін [3].

2. Сауда соғыстары

Сауда соғыстары әлемдік экономиканы тұрақсыздандырып, сауда серіктестері арасындағы қарым-қатынастарды нашарлатады. Мұндай жағдайлар әсіресе экспортқа бағытталған елдер үшін ауыр болады.

Қытай мен АҚШ арасындағы сауда соғысы: Қытай мен АҚШ арасындағы сауда соғысы Қазақстанның экспорттық нарықтарына әсер еткен факторлардың бірі болды. Егер бұл сауда даулары жалғасса, Қазақстанның экспорттық өнімдеріне деген сұраныс азайып, бағалар төмендеуі мүмкін.

Қазақстанның экономикалық байланыстары: Қазақстанның маңызды сауда серіктестері болып Қытай, Ресей және Еуропалық Одақ табылады. Сауда соғыстары осы

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

серіктестердің экономикалық саясатына ықпал етіп, Қазақстанның сыртқы саудасын шектей алады [4].

3. Әлемдік экономика

Әлемдік экономиканың құлдырауы немесе дағдарысы да Қазақстанға әсер етеді. Әсіресе, әлемдік сұраныс төмендеген кезде, Қазақстанның табиғи ресурстарға негізделген экономикасы қиын жағдайда қалуы мүмкін.

Әлемдік дағдарыс: Әлемдік экономиканың құлдырауы Қазақстанның мұнай және металдар экспортына кері әсер етуі мүмкін. Бұл өз кезегінде бюджеттік кірістердің азаюына, инфляцияның өсуіне және экономикалық өсу қарқынының төмендеуіне әкеледі.

Тұтынушылық сұраныстың төмендеуі: Әлемде сұраныстың төмендеуі отандық өндірушілердің өнімдерін сата алмауына себеп болып, өндірістің құлдырауына ықпал етеді. Бұл жұмыссыздықтың артуына, табыс деңгейінің төмендеуіне және әлеуметтік қысымның күшеюіне әкеледі [5].

Қазақстандағы «голланд ауруының көрінісі»

Голланд ауруы — шикізатты (әсіресе мұнай мен газды) жаппай сыртқа (экспортқа) шығарғанда экономикаға валюта ағыл-тегіл құйылып, нарықтағы баға өсіп, ұлттық валюта нығайып, экономика біртіндеп қымбаттай бастайды. Демек, экономиканың 3,3 есе қымбаттауы оның өзге экономикамен салыстырғанда бәсекеге қабілетінің төмендегенін көрсетеді. Отандық тауар өндірушілер біртіндеп нарықтан ығыстырылады.

"Жағымсыз әлеуметтік әсерлерден басқа, мұның бәрі ақша мен валюта нарығына қысым жасайды. Валюта бағамын бұрмалайды, отандық бизнеске кедергі келтіреді, экономиканың "голланд ауруы" ықтималдығын арттырады", — деді Ұлттық банк басшысы [6].

Қазақстан – экономикасы диверсификацияланбаған мемлекеттер қатарын толықтырады. Бүгінде еліміз мұнай қорларының көлемі бойынша әлемнің ең ірі 15 мемлекетінің тізіміне еніп отыр. BP Statistical Review of World Energy деректеріне сәйкес, Қазақстанның дәлелденген қорлары 3,9 млрд тоннаны құрайды, яғни әлемдік қордың 1,7%-ы. Неліктен ел бір ғана сектор экспортының кепіліне айналды және оның экономикаға қаупі қандай?

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстандағы игерілмеген қорлардың саны көп болатын. Республикадағы мұнай өндірісін дамыту шикізатты тасымалдау қиындықтарымен одан сайын күрделене түсті. Бүгінге дейін еліміз көрші мемлекеттердің мұнай құбыры жүйелеріне тәуелділік танытып отыр (солардың бірі – Ресейдің «Транснефть» мұнай құбыры). Бұнымен қатар, Қазақстандағы шикізатты өндіру мен оны қайта өңдеу арасында үлкен теңгерімсіздік бар. Мәселен, шикізат өнімдерін өндіру жылына шамамен 80 миллион тонна деңгейінде болса, соның ішінде небары 15 миллион тоннасы ғана қайта өңделеді. Демек, мұнайды өңдеу процесі ішкі нарықтың қажеттілігін толық жаба алмай отыр.

Байқап отырсақ, экономикалық модельді мұнай экспортынан түсетін кірістерге тәуелділікте ұстау – ешқашан толыққанды жетістіктің көзі бола алған жоқ. Керісінше, «голланд ауруы» ауыл шаруашылығы сияқты бәсекеге қабілетсіз секторлардың дамуына кері ықпалын тигізіп келді. Демек, тығырықтан шығудың бірден-бір жолы бар – Қазақстан таяу арада экономиканы диверсификациялауды шұғыл жүзеге асыруы тиіс. Қазақстан үкіметі сыртқы факторлар мен ішкі құрылымдық кемшіліктердің жағымсыз әсерін жою мақсатында шикізатқа тәуелділіктен инновациялық секторларға ауысуға тырысуда. Бірақ талпыныстардың жүйелі кедергілері жойылмайынша, мақсаттың орындалуы екіталай [7].

Негізгі бағыттар: ауыл шаруашылығы, туризм, IT.

Қазақстанның экономикасындағы қазіргі таңда маңызды рөл ойнап тұрған сектор мұнай-газ болғанымен, тек онымен шектелу тәуелділікке алып келеді. Біздің бүгінгі

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

тақырыбымыз ел экономикасын әртараптандыру, бірақ алдымызда сұрақ туындайды «Әртараптандыруды қай бағытта қолданамыз?» , кез-келген секторларды таңдай салу немесе барлық секторды дамытуға тырысу бұрыс шешім болып табылады, себебі қазір Қазақстанда барлық секторды айтарлықтай бірге дамытуға әл-ауқаты жеткіліксіз. Жеткілікті болған жағдайда ол орын алып, қазір мен бұл мақаланы жазып отырмас едім. Сұраққа жауап беретін болсам, мен: IT , туризм және ауылшаруашылығы секторларын таңдадым. Бірінші кезекте бұл салалардың Қазақстандағы әлеуеті үлкен, сонымен қоса қазіргі таңда оның әлеуетін толықтай қолданатындай инвестиция салынып жатқан жоқ.

1. IT секторы

Қазақстанның IT индустриясының қазіргі жағдайы:

Қазіргі уақытта Қазақстандағы IT саласына инвестиция көлемі айтарлықтай өсіп келеді. 2023 жылы осы салаға инвестиция тартуды қолдау үшін Astana Hub технопаркі сынды экожүйелер іске қосылды, ал оның резиденттері 2022 жылы жалпы көлемі 56,2 миллиард теңгеге инвестиция тартып, 63,4 миллиард теңге көлемінде өнім өндірді.

Мемлекеттің цифрлық трансформацияны қолдауға бағытталған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы IT-инфрақұрылымын дамытуды және стартаптарға жағдай жасауды көздейді. Сонымен қатар, халықаралық инвесторларды тарту үшін арнайы экономикалық аймақтар мен салықтық жеңілдіктер қарастырылған.

2024 жылы IT-инвестицияларды ынталандыру мақсатында жаңа цифрлық инвестициялық платформалар енгізу жоспарланып отыр, бұл шетелдік және жергілікті инвесторларға IT саласының мүмкіндіктерін арттырады. Қазақстан IT секторы арқылы экономиканы әртараптандыруды жалғастырып, бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатуға ниеттенуде [8], [9].

Статистика:

IT-дің ЖІӨ-ге үлесі: 2023 жылы IT саласы Қазақстан экономикасына шамамен 1 трлн теңге үлес қосқан.

Жұмыс орындары: IT саласында 2023 жылдың аяғына қарай 9 мың маман дайындалды. 2025 жылға дейін бұл санды 60 мыңға жеткізу жоспарланып отыр.

Экспорт көлемі: 2023 жылы IT секторындағы экспорт көлемі 300 млн АҚШ долларынан асты.

IT секторының артықшылықтары мен әлеуеті:

Қазақстанның IT секторын дамыту перспективасы айтарлықтай жоғары, бірақ оның табысы жоспарлы стратегия, ресурстарды тиімді пайдалану және экожүйенің қолдауына байланысты. Егер Қазақстан IT секторын дамытуға барынша назар аударып, дұрыс шешімдер қабылдаса, шынайы жетістіктер келесідей болуы мүмкін:

1. Жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілік

Егер Қазақстан IT саласын дамытуға фокус қойса:

- Технологиялық өнімдерді экспорттау: Мәселен, Орталық Азия мен Еуропа нарығына арналған SaaS өнімдер, блокчейн және жасанды интеллект технологиялары сұранысқа ие. Мұндай өнімдер жоғары маржалы болуы мүмкін.
- Арнайы IT хабтар: "Astana Hub"-тың қазіргі әлеуетін күшейтіп, шетелдік компанияларды тарта отырып, аймақтық инновациялық орталыққа айналуға мүмкіндік бар.

Шынайы деңгей: Жаһандық стартап экожүйесінде "Top-50" елдер қатарына кіруі мүмкін. Бұл жоба жоғары технологиялық өнім экспортының жыл сайын $1–2 млрд деңгейіне жетуіне ықпал етеді.

2. Экономикадағы IT-дің үлесін арттыру

Қазіргі уақытта IT Қазақстанның ЖІӨ-сіне шамамен 1%-ға үлес қосады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

● Мүмкіндік: Егер секторды дамытуға жүйелі түрде $3–5 млрд инвестиция салынса (ішкі және сыртқы), IT ЖІӨ-нің 5%-ына дейін жеткізілуі мүмкін.

● Жұмыс орындары: Кем дегенде 300–500 мың білікті IT маман жұмыс істей алады. Бұл тек бағдарламашыларды емес, аналитиктерді, дизайнерлерді, және басқа да цифрлық экономиканың қатысушыларын қамтиды.

3. Шетелдік инвестициялар мен аутсорсинг

● Аутсорсинг орталығы: Қазақстан арзан, бірақ сапалы жұмыс күшіне сүйене отырып, Еуропа және Таяу Шығыс елдеріне IT аутсорсинг қызметтерін ұсына алады. Үндістан мен Польша сияқты елдер бұл модельді өте табысты жүзеге асырды. Қазақстан оларды қуып жетуге қауқарлы.

● Жаңа инвестициялар: Егер елде стартаптарға қолдау көрсететін заңдар мен жеңілдіктер қабылданса, $1–2 млрд көлемінде шетелдік инвестициялар тартуға болады.

Шынайы деңгей: Аутсорсингтен жыл сайын $500 млн–$1 млрд пайда табу.

4. Дамыған цифрлық инфрақұрылым

● Киберқауіпсіздік орталықтары: Қазақстан аймақтағы киберқауіпсіздік қызметтері бойынша көшбасшы бола алады.

● Цифрлық үкімет: Мемлекеттік қызметтерді толық цифрландыру шығындарды азайтып, тиімділікті арттырады.

Шынайы нәтиже: Қазақстан цифрлық дамуы бойынша 2030 жылға қарай "e-Government" рейтингісінде алғашқы 20 ел қатарына енуі мүмкін.

Қандай шынайы шектеулер бар?

1. Маман тапшылығы: Қазіргі кезде елдегі IT мамандарының саны аз. Бұл бағытта сапалы білім беру және кадр дайындау жылдар алады.

2. Инвестициялық тәуекелдер: Жаңа стартаптарға салынған инвестициялардың тек 10-20%-ы ғана пайда әкеледі. Сондықтан мемлекетке ұзақмерзімді шыдамдылық қажет.

3. Технологиялық экожүйенің әлсіздігі: Жетістікке жету үшін корпоративтік сектор, академиялық орталықтар және үкімет бірлесіп жұмыс жасауы тиіс.

Шынайы перспектива

Егер Қазақстан дұрыс шешімдер қабылдаса, 2035 жылға қарай:

● IT ЖІӨ үлесі 5–7%-ға жетуі мүмкін.

● Экспорт көлемі $3–5 млрд-қа дейін артуы мүмкін.

● Аймақтағы IT көшбасшысына айналуы ықтимал (Орталық Азия мен Кавказ аймағында).

● Қазақстаннан кемінде 5-10 жаһандық деңгейдегі стартап пайда болуы мүмкін.

2. Туризм секторы

Қазақстан туризмінің қазіргі ахуалы:

2024 жылдың алғашқы сегіз айында Қазақстанның туризм саласына негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 527,6 миллиард теңгеге жетті. Бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 69%-ға көп. Өсу динамикасы ішкі және халықаралық туризмнің дамуындағы жоғары қызығушылық пен мемлекеттік қолдаудың ықпалын көрсетеді.

Елде 148 жаңа туристік жобаны жүзеге асыру жоспарланған, бұл шамамен 2,5 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Жобалар туристік инфрақұрылымды жақсартуға, сондай-ақ Қазақстанның тартымдылығын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, 64 инфрақұрылымдық жоба іске асырылуда, оның ішінде демалыс аймақтарын дамытуға ерекше назар аударылған [10].

Инвестициялардың өсімі еліміздің 14 өңірінде тіркелді. Үздік бес аймаққа Астана – 163.8 млрд теңге (339.6 млн АҚШ доллары), Алматы – 54.6 млрд теңге (113.2 млн АҚШ доллары), Түркістан облысы – 43.6 млрд теңге (90.4 млн АҚШ доллары), Солтүстік Қазақстан облысы – 38.4 млрд теңге ($79.6 млн) кіреді. 25.8 млн доллар) және Шымкентте

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

– 53.5 млрд теңге (4 млн АҚШ доллары) болды, деп хабарлады XNUMX қыркүйекте ҚР Туризм және спорт министрлігінің баспасөз қызметі.

Бұл өсім туристік индустрияның тұрақты дамуын көрсетеді, бұл экономиканың осы секторына инвесторлардың қызығушылығының артуына байланысты. Инвестициялар жаңа туристік нысандарды құруға, қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртуға және қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған, бұл Қазақстанның туристік бағыт ретінде тартымдылығын арттыруға ықпал етеді [11].

Статистика:

ЖІӨ-дегі үлесі: 2023 жылы туризм саласының экономикаға қосқан үлесі 1,6% немесе 346,6 млрд теңге болды.

Туристік ағымдар: 2024 жылдың алғашқы сегіз айында туристік нысандарда 5 млн-нан астам адам қызмет алды.

Жұмыс орындары: Туризм саласында жұмыс істейтіндер саны 315 мың адамға жетті. Сонымен қатар, жаңа инфрақұрылым жобаларының арқасында 2,5 мың жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Ішкі және сыртқы туризмнің дамуы:

Ішкі туризм: Пандемия кезінде ішкі туризмнің маңызы артты. Танымал бағыттар ретінде Бурабай, Алматы таулары және Балқаш аймағы танылды. Мемлекет ішкі туризмді одан әрі дамыту үшін инфрақұрылымды жаңартып, қызмет көрсету сапасын арттыруда.

Сыртқы туризм: Шетелдік туристер Қазақстанның табиғи және мәдени байлықтарына қызығушылық танытуда. 2024 жылы шетелдік туристер саны 835 мыңға жетті. Әсіресе, Түркістан облысы мен Алматы аймағы танымал бағыттарға айналды.

Қазақстанның туризм саласындағы мүмкіндіктері мен барынша максималды перспективасы үлкен, бірақ оларды жүзеге асыру үшін бірнеше негізгі факторларды ескеру қажет. Егер бұл салаға дұрыс бағыт беріп, барлық ресурстар мен күш-жігерді қолданса, Қазақстанда туризм индустриясының толыққанды дамуы мүмкін.

1. Географиялық және мәдени әлеует

Қазақстанның географиялық орналасуы мен табиғи ресурстары елді туризмнің көптеген түрлерін дамыту үшін тамаша мүмкіндікке айналдырады:

● Табиғи ресурстар: Қазақстанда таулар, көлдер, шөлдер мен ормандардың алуан түрлері бар. Бұл экологиялық туризм, белсенді туризм, тау шаңғысы, экотуризм және тағы басқа туризм түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Шетелдік туристер үшін Орталық Азиядағы табиғи сұлулықты көру қызықты болуы мүмкін.

● Мәдени байлық: Қазақстанның бай тарихы мен мәдениеті, соның ішінде Ұлы Жібек жолы, көшпенділер мәдениеті, археологиялық ескерткіштер мен дәстүрлі қолөнер әлемнің әртүрлі бөліктерінен туристерді тарта алады.

2. Экспорттық әлеует

Қазақстанның туризм саласының экспорттық әлеуеті жоғары. Егер ел өз ресурстарын дұрыс пайдаланып, тиімді маркетинг жүргізсе, әлемдік туристік нарықта маңызды орын алуы мүмкін. Қазақстанның көрікті жерлері мен мәдени мұраларын халықаралық деңгейде таныту арқылы келушілердің ағынын арттыруға болады.

● Шетелдік туристер: Қазіргі таңда Қытай, Ресей, Орталық Азия елдері сияқты жақын мемлекеттерден туристер тарту әлеуеті зор. Сонымен қатар, Батыс елдері мен Азиядан да туристерді тарту үшін Қазақстанның экзотикалық және дәстүрлі бағыттарын насихаттауға болады.

● Демографиялық фактор: Қазақстанның географиялық орналасуы мен көршілес елдермен қарым-қатынасы арқасында елге ағылатын туристер саны артуы мүмкін. Сонымен қатар, орта Азия мен Таяу Шығыс елдерінен келетін туристер үшін Қазақстан тартымды орын болуы мүмкін.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

3. Белсенді туризм мен экологиялық туризм

Қазақстанның табиғи ерекшеліктері белсенді және экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер береді.

● Экологиялық туризм: Қазақстанда ұлттық саябақтар мен қорықтар көп, олар экологиялық туризмді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл түрі бүкіл әлемде үлкен сұранысқа ие және Қазақстанның табиғаты мен биоәртүрлілігін танытуға мүмкіндік береді.

● Белсенді туризм: Таулы аймақтар мен кең жазық дала Қазақстанды альпинизм, жаяу туризм, велосипед туризмі сияқты белсенді демалыс түрлерінің орталығы етуі мүмкін. Бұл сала дамыса, халықаралық нарықта туристердің қызығушылығын арттыруға болады.

4. Туризм индустриясы үшін жұмыс орындарын құру

Туризмнің дамуы Қазақстандағы жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Бұл тек қонақ үйлер мен туроператорларға ғана емес, сонымен қатар көлік, инфрақұрылым, мәдениет және басқа да салаларға да әсер етеді.

● Қонақүй қызметтері: Қазақстанда қонақ үй бизнесі мен қоғамдық тамақтандыру саласы үлкен әлеуетке ие. Жоғары сапалы қонақ үйлер, мейрамханалар мен демалыс орталықтары елдің туризм секторын халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті етуі мүмкін.

● Кәсіпкерлік және жергілікті экономика: Туризмнің дамуы жергілікті экономикаға да пайда әкеліп, жаңа кәсіпорындар мен шағын және орта бизнес үшін мүмкіндіктер ашады.

5. Шетелдік инвестициялар

Қазақстан туризм секторына шетелдік инвестицияларды тарту арқылы халықаралық деңгейде қызмет көрсету сапасын арттырып, инфрақұрылымды жақсартуға мүмкіндік алады.

● Инвестициялық тарту: Халықаралық компаниялар мен инвесторлар туризм саласына қызығушылық таныта алады, әсіресе Қазақстанның экологиялық туризм, қонақ үй бизнесі мен транспорттық инфрақұрылым сияқты салаларына. Бұл қосымша жұмыс орындарын құрып, аймақтың экономикасына ықпал ете алады.

● Қаржылық қолдау: Мемлекет тарапынан берілетін салық жеңілдіктері мен мемлекеттік гранттар арқылы жаңа туристік жобаларға қолдау көрсету Қазақстанның туристік инфрақұрылымының дамуына ықпал ете алады.

6. Ұлттық брендті қалыптастыру

Қазақстанның туризм саласының максималды потенциалының бірі – әлемдік нарықта ұлттық брендті қалыптастыру. Бұл саланың дамуы үшін бәсекеге қабілетті және бірегей ұсыныстар жасау қажет.

